

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Мемлекеттік сатып алу туралы

(2012.10.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

| | |
|---|-----------------------|
| <u>1-тарау. Жалпы ережелер</u> | <u>(1-12 баптар)</u> |
| <u>2-тарау. Мемлекеттік сатып алу жүйесін мемлекеттік реттеу</u> | <u>(13-15 баптар)</u> |
| <u>3-тарау. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу</u> | <u>(16-29 баптар)</u> |
| <u>4-тарау. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу</u> | <u>(30-31 баптар)</u> |
| <u>5-тарау. Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу</u> | <u>(32-34 баптар)</u> |
| <u>6-тарау. Аукцион тәсілімен және тауар биржалары арқылы мемлекеттік сатып алу</u> | <u>(35-36 баптар)</u> |
| <u>7-тарау. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт</u> | <u>(37-40 баптар)</u> |
| <u>8-тарау. Арнайы ережелер</u> | <u>(41-44 баптар)</u> |
| <u>9-тарау. Қорытынды ережелер</u> | <u>(45-48 баптар)</u> |

Түпнұсқада мазмұны жоқ

2009.10.07 № 178-IV ҚР Заңымен бүкіл мәтін бойынша «веб-сайттарда», «веб-сайттың», «веб-сайты», «веб-сайтында», «веб-сайтта», «веб-сайт», «Веб-сайтта», «веб-сайтынан», «веб-сайтын» деген сөздер тиісінше «интернет-ресурстарда», «интернет-ресурстың», «интернет-ресурсы», «интернет-ресурсында», «интернет-ресурста», «интернет-ресурс», «Интернет-ресурста», «интернет-ресурсынан», «интернет-ресурсын» деген сөздермен ауыстырылды (бұр.ред.қара)

2009.04.05. № 156-IV ҚР Заңымен бүкіл мәтін бойынша «ашық тауар биржалары» деген сөздер «тауар биржалары» деген сөздермен ауыстырылды (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

Осы Заң мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің арасында мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметті олардың жүзеге асыруы процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2009.05.05 № 158-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2009.29.12 № 233-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2010.30.06. № 297-IV ҚР Заңымен (2010 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара); 2012.09.01. № 535-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 1-бап өзгертілді; 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 1-бап жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аукцион адымы - аукцион нысанасының бағасы төмендетілетін ақшалай аралық;

2) аукциондық комиссия - осы Заңда көзделген аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсімін орындау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы құратын алқалы орган;

3) аукциондық құжаттама - аукционға қатысуға өтінімді дайындау үшін әлеуетті өнім берушіге берілетін құжаттама, онда аукционға қатысуға өтінімге қойылатын талаптар, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізудің шарттары мен тәртібі қамтылады;

4) әлеуетті өнім беруші - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум). Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға осы Заңның [41-бабы 3-тармағының 5\) тармақшасында](#) көзделген жағдайда әлеуетті өнім беруші болуы мүмкін;

5) әлеуетті өнім берушінің үлестес тұлғасы - аталған әлеуетті өнім берушінің шешімдерін айқындауға және (немесе) ол қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде жазбаша нысанда жасалған мәміленің күшіне орай ықпал етуге құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ өзіне қатысты аталған әлеуетті өнім берушінің осындай құқығы болатын кез келген жеке немесе заңды тұлға;

6) біртекті тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер - бірдей болмаса да, белгілі бір функцияларды орындауына және өзара алмастырушы болуына мүмкіндік беретін ұқсас сипаттамалары бар және ұқсас құрамдас бөліктерден тұратын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер;

7) дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың үлестес тұлғалары - дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларға дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы тікелей не жанама түрде тиесілі болатын заңды тұлғалар. Жанама тиесілілік әрбір келесі үлестес тұлғаға өзге заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызының тиесілі болатынын білдіреді;

8) демпингтік баға - конкурсқа қатысушының жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұсынған бағасы, ол мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу мақсатында ұқсас жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қолданылып жүрген бағалармен салыстырғанда көрінеу төмен баға болып табылады;

9) жергілікті қамту - мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындауға жұмысқа тартылған Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбегіне ақы төлеу құнының осы шарт бойынша еңбекке ақы төлеудің жалпы қорындағы және (немесе) Қазақстан Республикасы резиденттерінің жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу немесе толық өндіру критерийлеріне сәйкес тауарда (тауарларда) белгіленген қазақстандық шығарылым үлесі (үлестері) құнының мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша тауардың (тауарлардың) жалпы құнындағы пайыздық қамтылуы;

10) жұмыстар - шикізат кен орындарының құрылысымен, жайластырылумен байланысты, заттық нәтижесі бар қызмет, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыстарға жатқызылған өзге қызмет;

11) жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілер - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар және (немесе) жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету бойынша Қазақстан Республикасының жергілікті еңбек ресурстарының кемінде тоқсан бес пайызын пайдаланатын, Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын заңды тұлғалар;

12) конкурстық комиссия - осы Заңда көзделген конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүргізу рәсімдерін орындау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы құратын алқалы орган;

13) конкурстық құжаттама - конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізудің шарттары мен тәртібі қамтылатын, конкурсқа қатысуға арналған өтінімді әзірлеу үшін әлеуетті өнім берушіге табыс етілетін құжаттама;

14) көрсетілетін қызметтер - тапсырыс берушінің қажеттерін қанағаттандыруға бағытталған заттық нәтижесі жоқ қызмет;

15) Қазақстан Республикасының резиденттері - шет мемлекетте тұрақты тұру құқығына сол мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген құжаты бар азаматтарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтары, оның ішінде шетелде уақытша жүрген немесе оның шегінен тыс жерлерде мемлекеттік қызметте жүрген азаматтары;

Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығына құжаты бар шетелдіктер және азаматтығы жоқ тұлғалар;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, оның аумағында орналасқан заңды тұлғалар, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасында және оның шегінен тыс жерлерде орналасқан филиалдары мен өкілдіктері;

Қазақстан Республикасының өз шегінен тыс жерлердегі дипломатиялық, сауда және өзге де ресми өкілдіктері;

16) қаулы - бақылау нәтижелерін растайтын және ол жолданған мемлекеттік сатып алу жүйесінің барлық субъектілерінің орындауы үшін міндетті шешімдері бар Қазақстан Республикасының [Бюджет кодексінде](#) айқындалған сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органы қабылдаған акт;

17) мемлекеттік кәсіпорындардың үлестес тұлғалары - еншілес мемлекеттік кәсіпорындар;

18) мемлекеттік сатып алу - жеке тұлғалардан еңбек шарттары бойынша не кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардан өтемді қызмет көрсету шарттары бойынша, мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде сатып алынатын қызметтерді, сондай-ақ жарналар (салымдар) енгізуді, оның ішінде жаңадан құрылатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына жарналар (салымдар) енгізуді қоспағанда, осы Заңда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының [азаматтық заңнамасында](#) белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын, тапсырыс берушінің жұмыс істеуін, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды не жарғылық қызметін орындауын қамтамасыз ету үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тапсырыс берушілердің ақылы негізде сатып алуы;

19) мемлекеттік сатып алу веб-порталы - электрондық мемлекеттік сатып алудың электрондық қызмет көрсетулеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын мемлекеттік ақпараттық жүйе;

20) мемлекеттік сатып алу жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - мемлекеттік сатып алу жүйесін реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

21) мемлекеттік сатып алу жүйесі - мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің және олардың мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметті жүзеге асыру процесінде біртұтастық және өзара байланыс арқылы айқындалатын қатынастарының жиынтығы;

22) мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілері - мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

23) мемлекеттік сатып алу саласындағы қызмет - мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлеу және бекіту, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу, мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды орындау, осы Заңға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу саласында мамандар даярлау және (немесе) олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтер көрсету, мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілеріне консультациялық, ақпараттық қызметтер көрсету;

24) мемлекеттік сатып алу туралы шарт - осы Заңға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының [азаматтық заңнамасына](#) сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында тапсырыс берушінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік

функцияларын не жарғылық қызметін атқару үшін тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету туралы жасалған азаматтық-құқықтық шарт;

25) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы - мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға не өзін құрған заңды тұлғаның атынан әрекет ететін құрылымдық бөлімше;

26) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімі - әлеуетті өнім берушімен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу мақсатында мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, тиісті комиссия осы Заңға сәйкес жүзеге асыратын өзара байланысты, дәйекті іс-шаралар кешені;

27) отандық кәсіпкерлер - Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын әлеуетті өнім берушілер;

28) отандық тауар өндірушілер - Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын және:

Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес толығымен Қазақстан Республикасында өндірілген тауарлар;

Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес жеткілікті қайта өңдеу критерийлеріне сәйкес Қазақстан Республикасында жеткілікті қайта өңделген тауарлар өндіретін әлеуетті өнім берушілер (бұдан әрі - отандық тауар өндірушілер) - жеке және (немесе) заңды тұлғалар;

29) өнім беруші - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, тапсырыс берушімен мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан шартта оның келісімшарт жасаушы агенті ретінде әрекет ететін заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум). Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға осы Заңның [41-бабы 3-тармағының 5\) тармақшасында](#) көзделген жағдайда өнім беруші болуы мүмкін;

30) сараптама комиссиясы - сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық өзіндік ерекшелігін әзірлеуге қатысу үшін және (немесе) әлеуетті өнім берушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық өзіндік ерекшелігіне сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытынды дайындау үшін тартылатын, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы құратын алқалы орган;

31) сарапшы - сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық өзіндік ерекшелігін әзірлеуге қатысу үшін және (немесе) әлеуетті өнім беруші ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық өзіндік ерекшелігіне сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытынды дайындау үшін тартылатын, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы айқындаған жеке тұлға;

32) тапсырыс берушілер - ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді, ұлттық басқарушы компанияларды, ұлттық компанияларды және олармен үлестес заңды тұлғаларды қоспағанда, осы Заңға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;

33) тауарлар - нәрселер (заттар), оның ішінде жартылай фабрикаттар немесе қатты, сұйық немесе газ тәріздес күйдегі шикізат, электр және жылу энергиясы, шығармашылық зияткерлік қызметтің объектіленген нәтижелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сатып алу-сату мәмілелерін жасасуға болатын заттық құқықтар;

34) ұсыну - Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын және (немесе) оларға ықпал ететін себептер мен

жағдайларды жою, сондай-ақ осы бұзушылықтарға жол берген тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылық шараларын қолдану үшін бақылау объектілеріне жіберілетін уәкілетті органның, мемлекеттік қаржылық бақылау органының орындауға міндетті актісі;

35) шартты баға - конкурсқа қатысушының конкурстық баға ұсынысына конкурстық құжаттамада көзделген критерийлердің салыстырмалы мәнін қолдануды ескере отырып есептелген және конкурстың жеңімпазын айқындау мақсатында конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру кезінде ғана пайдаланылатын баға;

36) электрондық аукцион (бұдан әрі - аукцион) - тапсырыс беруші сатып алатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер аукциондық құжаттамаға сәйкес келетін және оларға баға төмендетілген кезде айқындалған ең төмен бағаны ұсынған әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптарына сәйкес келетін кездегі электрондық мемлекеттік сатып алу тәсілі;

37) электрондық құжат - өзіндегі ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

38) электрондық мемлекеттік сатып алу - ақпараттық жүйелер мен электрондық ақпараттық ресурстарды пайдалана отырып жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу;

39) электрондық мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылатын, акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалғыз меншік иесі мемлекет немесе ұлттық холдинг болып табылатын, электрондық мемлекеттік сатып алу саласында бірыңғай техникалық саясатты іске асыруды жүзеге асыратын заңды тұлға.

2-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының [Конституциясына](#) негізделеді және Қазақстан Республикасы [Азаматтық кодексінің](#) нормаларынан, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу принциптері

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы:

1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тендей мүмкіндік беру;

3) әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 4) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

4) мемлекеттік сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 5) тармақшамен толықтырылды

5) отандық кәсіпкерлерді қолдау принциптеріне негізделеді.

2010.19.03 № 258-IV ҚР Заңымен 4-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

4-бап. Осы Заңның өнім берушіні таңдауды және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды регламенттейтін нормаларын қолданбай жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу

1. Осы Заңның өнім берушіні таңдауды және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды регламенттейтін нормалары қолданылмай мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1) егер мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында көзделген жалпы жылдық сома тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен аспайтын болса, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бағалар, тарифтер, алымдар және төлемдер бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

3) жедел-ізвестіру қызметін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тергеу іс-қимылдарын жүзеге асыруға уәкілетті органдардың оларды жүзеге асыру үшін:

жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдарға құпия түрде жәрдем көрсетуге келісім берген адамдар көрсететін қызметтерді;

қызметтік үй-жайларды, көліктік және өзге де техникалық құралдарды, мүлікті;

жасырын ұйымдар құру үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

қажетті ғылыми-техникалық немесе өзге де арнайы білімі бар лауазымды адамдар мен мамандар көрсететін қызметтерді сатып алу;

4) табиғат пайдалану құқығын сатып алу;

5) стратегиялық маңызы бар өнеркәсіптер үшін шикізат ресурсы болып табылатын, Қазақстан Республикасының аумағында өндірілмейтін және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тауарлар тізбесі бойынша шетелден сатып алынатын тауарларды сатып алу;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 6) тармақша өзгертілді

6) мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша тауарларды кейіннен өңдеу мақсатында сатып алуы;

7) өкілдік ету шығыстарына байланысты тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

8) көрмелердің, семинарлардың, конференциялардың, кеңестердің, форумдардың, симпозиумдардың, тренингтердің материалдарын сатып алу, сондай-ақ аталған іс-шараларға қатысқаны үшін ақы төлеу;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 9) тармақша жаңа редакцияда

9) қағаздағы және (немесе) электрондық жеткізгіштердегі мерзімді баспасөз басылымдарын сатып алу;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 9-1) тармақшамен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді)

9-1) шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратты орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ интернет-ресурстарда орналастырылған ақпаратты беру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

10) қызметкерлерді шетелде даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөнінде көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 11) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

11) рейтингтік агенттіктер көрсететін қызметтерді, егер жеке тұлға кредиттік (банктік) ұйымды өзі анықтаса, алушылардың (жеке тұлғалардың) шоттарына жалақыны есептегені

үшін қызметтер көрсету бөлігінде, сондай-ақ жеке тұлғалардың қолма-қол ақша қаражаты бойынша операциялар бөлігінде қаржылық қызмет көрсетулерді сатып алу;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 12) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

12) зағип және көзі нашар көретін азаматтар үшін мамандандырылған кітапханалардың қызмет көрсетулерін сатып алу;

13) лизинг қызметін жүзеге асыру кезінде тауарларды кейіннен лизингке беру үшін сатып алу;

14) заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы бағалы қағаздарды, үлестерді сатып алу;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 15) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

15) Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасында көзделген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша сатып алу;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 16) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

16) мемлекеттік және ведомстволық наградаларды және олардың құжаттарын, Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының омырауға тағатын белгісін және оның құжатын, мемлекеттік сенім таңбаларын, Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттары (оның ішінде қызметтік және дипломатиялық) және жеке куәліктерін, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын, азаматтығы жоқ адамның куәлігін, азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді дайындау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өнім берушілерден Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша арнайы дәрежеде қорғауды талап ететін баспа өнімдерін сатып алу;

17) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық қаржы ұйымдары қаржыландыратын инвестициялық жобалар шеңберінде жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

18) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының дизайны, оларды жасау, сақтау, жеткізіп беру жөніндегі жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ олардың дизайны мен дайындалуына қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

19) мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық және мемлекеттік ұйымдар, қызметтері қайырымдылық және халықаралық сипаттағы шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлар Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне өтемсіз негізде ұсынатын грант ақшаларын, сондай-ақ оларды беру туралы келісімдерде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың өзге рәсімдері көзделген жағдайларда осы гранттарды бірлесіп қаржыландыруға бөлінген ақшаны пайдалануға байланысты тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 20) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

20) жеке тұлғалар үшін мемлекеттік білім беру тапсырысына байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алу (егер жеке тұлға білім беру ұйымын өзі таңдаған жағдайда);

21) 2012.28.06. № 22-V ҚР Заңымен алып тасталды *(2012 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 21-1) тармақшамен толықтырылды

21-1) ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстарда, сондай-ақ ерекше қауіпті жұмыстармен, машиналармен және тетіктермен байланысты жұмыстарда істейтін қызметкерлерді міндетті медициналық тексеру жөніндегі қызметтерді сатып алу;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 21-2) тармақшамен толықтырылды; 2009.16.07 № 186-IV ҚР Заңымен 21-2) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2012.28.06. № 22-V ҚР Заңымен (2012 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 21-2) тармақша жаңа редакцияда

21-2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету, эпидемиологиялық ауруларды емдеу және олардың профилактикасы үшін медициналық техниканы сатып алу;

22) Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелде емдеу, сондай-ақ оларды тасымалдау әрі олармен бірге жүру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

23) іссапар шығыстарын жүзеге асыруға байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

24) тарих және мәдениет ескерткіштері ретінде мемлекет қорғауына алған және мемлекеттік мұражай, кітапхана, мұрағат қорларын, кино, фотосурет қорын және өзге де осыған ұқсас қорларды толықтыруға арналған тарихи, көркемдік немесе өзге де мәдени маңызы бар мәдени құндылықтар болып табылатын тауарларды, оның ішінде мұражай заттары мен мұражай коллекцияларын, сондай-ақ көшірмелерін қоса алғанда, сирек кездесетін және құнды басылымдарды, қолжазбаларды, мұрағат құжаттарын сатып алу;

25) сатып алынатын тауарларға, көрсетілетін қызметтерге қатысты ерекше құқықтары бар тұлғадан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

26) табиғи монополия субъектілерінен реттелетін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 27) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

27) мемлекеттік монополия субъектісінен мемлекеттік монополияға жатқызылған қызмет бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

2011.24.03. № 420-IV ҚР Заңымен 28) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 28) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

28) еңсерілмейтін күштің туындауы салдарынан, оның ішінде төтенше жағдайлардың салдарын оқшаулау және (немесе) жою үшін, электр энергетикасы объектілеріндегі, тіршілікті қамтамасыз ететін коммуникациялық жүйелердегі, теміржол, әуе, автомобиль, теңіз көлігі объектілеріндегі, тазарту құрылыстарындағы, мұнай құбыржолдарындағы, газ құбыржолдарындағы аварияларды жою үшін және жедел медициналық араласу қажеттілігі үшін, сондай-ақ коммуникациялардың, тетіктердің, агрегаттардың, қосалқы бөлшектердің және материалдардың тасымал жолында тез арада қалпына келтіруді талап ететін сынуы, істен шығуы туындаған кезде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 29) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

29) Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің, сондай-ақ олардың атынан жұмыс істейтін тапсырыс берушілердің оқшауланған бөлімшелерінің шет мемлекеттің аумағында өз қызметін қамтамасыз ету үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;

30) халықаралық ақпарат ұйымдарының ақпарат ұсыну жөніндегі қызметтерін сатып алу;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 31) тармақша жаңа редакцияда

31) мемлекеттік органның тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы мемлекетке тиесілі, тиісті өкілеттіктері, қызмет түрлері, міндеттері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген акционерлік қоғамдардан және шаруашылық серіктестіктерден сатып алуы;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 31-1) тармақшамен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді)

31-1) мемлекеттік органның тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өзі Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес осындай мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты олардың Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген қызмет түрлері бойынша басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардан сатып алуы;

32) монетарлық қызметті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

33) Қазақстан Республикасы Президентін, өзге де күзетілетін тұлғаларды және күзетілетін тұлғалардың келуіне арналған объектілерді күзетуге және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне бейне мұрағат қалыптастыру және ақпараттық қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді сатып алу;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 33-1) тармақшамен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді)

33-1) Қазақстан Республикасы Президентінің және өзге де күзетілетін тұлғалардың қызметін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы Президентіне және өзге де күзетілетін тұлғаларға қызмет көрсетуге арналған мемлекеттік резиденцияларды, автокөлік құралдарын және әуе кемелерін ұстау, оларға қызмет көрсету және олардың жұмыс істеуі үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің және өзге де күзетілетін тұлғалардың қатысуымен іс-шаралар өткізу үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

34) халықаралық коммерциялық төреліктерде және шетелдік сот органдарында мемлекеттің не тапсырыс берушінің мүдделерін қорғау мен білдіру жөніндегі консультациялық және заң қызметтерін сатып алу;

35) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тұлғадан мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

36) Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

37) акционерлік қоғамдардың директорлар кеңесінің мүшелеріне, жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктердің бақылау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2009.11.12 № 229-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2011.26.01. № 400-IV ҚР Заңымен (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 38) тармақша өзгертілді

38) мамандандырылған ұйымының (агенттің) отандық өнім өндірушілерден азық-түлік тауарларын сондай-ақ оларды сақтау, өңдеу және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу. Мамандандырылған ұйымдардың (агенттердің) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді;

39) статистикалық бақылаулар деректерін өңдеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

40) мыналарды:

Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамасына сәйкес сот орындаушылары өткізетін;

Қазақстан Республикасының банкроттық туралы [заңнамасына](#) сәйкес өткізілетін;

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес өткізілетін;

мемлекеттік мүлікті жекешелендіру кезіндегі сауда-саттықта (аукциондарда) сатылатын мүліктерді (активтерді) сатып алу;

41) адвокаттардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оған ақы төлеуден босатылған адамдарға көрсететін қызметтерін сатып алу;

2012.13.01. № 543-IV ҚР [Заңымен](#) 42) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

42) қылмыстық-атқару жүйесі органдарының түзеу мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындары өндіретін, орындайтын, көрсететін тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуы. Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі мен көлемін, сондай-ақ осындай тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер сатып алынатын түзеу мекемелері мемлекеттік кәсіпорындарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді;

2008.20.11. № 87-IV ҚР [Заңымен](#) 43) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара); 2009.11.07. № 182-IV ҚР [Заңымен](#) 43) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

43) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың құрамына кіретін әскери және қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық тауар өндірушілер мен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілерден және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған уәкілетті ұйымнан сатып алу;

44) 2009.29.12 № 233-IV ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(2011 жылғы 1 қаңтардан қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

45) 2008.20.11. № 87-IV ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

2008.20.11. № 87-IV ҚР [Заңымен](#) 46) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

46) электр энергиясын сатып алу;

47) 2008.20.11. № 87-IV ҚР [Заңымен](#) алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

2008.20.11. № 87-IV ҚР [Заңымен](#) (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР [Заңымен](#) (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 48) тармақша өзгертілді

48) дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың табиғи газды, уранды және оның қосылыстарын сатып алуы;

2008.20.11. № 87-IV ҚР [Заңымен](#) 49) тармақшамен толықтырылды

49) нарыққа реттеушілік әсер ету үшін мемлекеттік материалдық резервке тауарлар сатып алу;

2008.20.11. № 87-IV ҚР [Заңымен](#) 50) тармақшамен толықтырылды; 2010.15.07. № 334-IV ҚР [Заңымен](#) 50) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

50) жұмылдыру тапсырыстарын орындайтын ұйымдардан жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын сақтау жөнінде көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

2008.20.11. № 87-IV ҚР [Заңымен](#) 51) тармақшамен толықтырылды

51) Қазақстан Республикасының мемлекеттік және азаматтық авиациясы субъектілерінің авиаотынды тікелей отандық мұнай өңдеуші кәсіпорындардан сатып алуы;

2008.20.11. № 87-IV ҚР [Заңымен](#) 52) тармақшамен толықтырылды

52) отандық тауар өндірушілердің - мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушылардың «Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың құрамына кіретін өнімдерді өндіру үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 53) тармақшамен толықтырылды; 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 53) тармақша өзгертілді (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

53) мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және мемлекеттік сатып алу бойынша өнім беруші ретінде айқындалған, олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттар шеңберінде белгіленген өздерінің шарттық міндеттемелерін орындау үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 54) тармақшамен толықтырылды

54) ғарышкерлерді даярлау және ғарышкерлердің ғарышқа ұшуын жүзеге асыруды ұйымдастыру жөнінде көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 55) тармақшамен толықтырылды; 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 55) тармақша өзгертілді (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

55) мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және ұзақ мерзімдік бес жылдық шарт бойынша олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың, егер соңғы үш жыл ішінде мұндай тауарларды сатып алу Қазақстан Республикасының шегінен тыс жүргізілген болса, тапсырыс берушінің техникалық шарттары бойынша Қазақстан Республикасында тәжірибелік өнеркәсіп үлгісінде өндіруді және тауарларды сериялық өндіруді ұйымдастыруды көздейтін отандық тауар өндірушілерден тауарларды сатып алуы;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 56) тармақшамен толықтырылды

56) отандық тауар өндірушілерден мемлекеттік материалдық резервке жанар-жағар май материалдарын сатып алу;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 57) тармақшамен толықтырылды

57) мамандандырылған авиажөндеу кәсіпорындарында авиациялық техниканы жөндеу қызметін көрсетуді сатып алу;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 58) тармақшамен толықтырылды

58) Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына немесе оның әкімшілік-аумақтық бірлігіне қауіп төндіретін ахуал туындаған жағдайларда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен бөлінген ақша есебінен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

2011.18.02. № 408-IV ҚР Заңымен 59) тармақшамен толықтырылды

59) мемлекеттік бюджет есебінен гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қаражатынан жүзеге асырылатын ғылыми зерттеулерді жүргізу жөніндегі жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 60), 61), 62), 63) және 64) тармақшалармен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді)

60) егер мұндай біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген жүз еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспаса, біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

61) зообаққа, театрға, кинотеатрға, концертке, циркке, мұражайға, көрмеге және спорттық іс-шараға баруға тапсырыс орналастыру;

62) тиісті авторлардың күрделі құрылыс объектілерінің жобалау құжаттамасын әзірлеуді авторлық қадағалау, күрделі құрылыс объектілерінің құрылысын, олардың реконструкциясы мен күрделі жөндеуін авторлық қадағалау жөніндегі қызмет көрсетулерін сатып алу;

63) Қазақстан Республикасы халқының мәдени мұра объектісін (тарих және мәдениет ескерткішін) сақтау жөніндегі жұмыстардың жүргізілуіне техникалық және авторлық қадағалау жүргізу бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

64) театрдың сахналық көрсетілімдерді және көпшілік алдында өнер туындыларын орындауды жүзеге асыру үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуы.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес осы Заңның 3-бабының 1) және 5) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу принциптері сақтала отырып, жүзеге асырылады.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 3-тармақпен толықтырылды (2012 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді); 2012.28.06. № 22-V ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (2012 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

3. Осы баптың 1-тармағының 5), 6), 9-1), 13), 21-1), 21-2), 33-1), 37), 38) 48), 53), 55) және 64) тармақшаларының ережелері мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер жүзеге асыратын мемлекеттік сатып алуға қолданылмайды.

5-бап. Мемлекеттік сатып алу процесі

1. Мемлекеттік сатып алу процесі:

1) 2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

2) мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлеуді және бекітуді;

3) өнім берушіні таңдауды және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

4) мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың орындалуын қамтиды.

Осы тармақтың ережелері осы Заңның 41-1-бабында жүзеге асырылуы көзделген мемлекеттік сатып алуға қолданылмайды.

2. 2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

3. Тиісті бюджеттің (бизнес-жоспардың, кірістер мен шығыстар сметасының) негізінде тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережелерінде айқындалған тәртіппен және нысанда мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлейді және бекітеді.

Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын тапсырыс беруші тиісті бюджет (бизнес жоспар, кірістер мен шығыстар сметасы) бекітілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде бекітеді және онда мынадай мәліметтер:

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

1) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген соманы қоса алғанда, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің номенклатурасы;

2) осы Заңның 4-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілі мен мерзімі;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

3) тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің жоспарланған қызметі мен орны;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 4) тармақшамен толықтырылды; 2011.24.11. № 495-IV ҚР Заңымен 4) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

4) осы Заңның [37-бабында](#) көзделген жағдайларда, әрбір қаржы жылына бөлінген және көзделген сома шегінде кестеге және жылдар бойынша бөлуге сәйкес тауарларды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің жоспарланған мерзімдері қамтылуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі [79-бабының 2-тармағы](#) екінші бөлігінің 2-1) тармақшасында көзделген жағдайларда, осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтерді тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында бекітеді. Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі [154-бабының 2-тармағы](#) орындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бекітеді. *2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 4-тармақ жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

4. Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын бекіткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, уәкілетті органға мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдаланбай табыс етілетін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын мәліметтерді қоспағанда, жылдық жоспарды мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастыруға міндетті.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 5-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 5-тармақ жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2012.27.04. № 15-V ҚР Заңымен 5-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

5. Тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, уәкілетті органға мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдаланбай табыс етілетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын мәліметтерді қоспағанда, енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастыруға міндетті.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 6-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 6-тармақ жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

6. Осы Заңның [4-бабы 1-тармағының 3\), 28\) 32\) және 33-1\) тармақшаларына](#) сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтер мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына енгізілуге жатпайды.

7. Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді мемлекеттік сатып алудың бекітілген не нақтыланған жылдық жоспары негізінде қабылдайды.

Тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тиісті бюджет бекітілгенге дейін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережелерінде көзделген жағдайларда ғана қабылдауға құқылы.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 8-тармақ жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

8. Осы Заңның [4-бабы 1-тармағының 3\), 28\) 32\) және 33-1\) тармақшаларына](#) сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды қоспағанда, жылдық мемлекеттік сатып алудың бекітілген жоспарында (жылдық мемлекеттік сатып алудың нақтыланған жоспарында) көзделмеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жол берілмейді.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 9-тармақ өзгертілді (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

9. Осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер берушіні таңдау, сондай-ақ олармен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу осы Заңда айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Тапсырыс берушінің үздіксіз қызметін қамтамасыз ету мақсатында ол ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында пайдаланылған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемінен аспайтын көлемде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша күнделікті немесе апта сайынғы тұтынылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың қолданысын келесі жылдың бірінші тоқсанына ұзартуға құқылы.

10. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда:

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 1) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті бюджетті нақтылау (түзету) кезінде болған, мемлекеттік сатып алудың бекітілген жылдық жоспарында (мемлекеттік сатып алудың нақтыланған жылдық жоспарында) көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған шығыстар қысқартылған;

2010.02.04. № 263-IV ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 2) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына, тапсырыс берушінің бюджетіне (бизнес-жоспарына, кірістер мен шығыстар сметасына) мемлекеттік сатып алудың бекітілген жылдық жоспарында (мемлекеттік сатып алудың нақтыланған жылдық жоспарында) көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қажеттігін жоққа шығаратын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайларда мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

Тапсырыс беруші не мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы тапсырыс беруші осындай шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде:

1) өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысатын тұлғаларды қабылданған шешім туралы хабардар етуге;

2) конкурсқа қатысуға енгізілген өтінімдерді қамтамасыз етуді және (немесе) мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға міндетті

6-бап. Мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер

1. Әлеуетті өнім беруші, егер:

1) осы әлеуетті өнім берушінің басшылары және (немесе) осы әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болса не өткізілетін мемлекеттік сатып алуда тапсырыс берушінің немесе ұйымдастырушының өкілі болып табылса;

2) әлеуетті өнім беруші және (немесе) оның қызметкері тапсырыс берушіге не мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға өткізілетін мемлекеттік сатып алуды дайындау жөнінде сараптамалық, консультациялық және (немесе) өзге де қызметтер көрсетсе, техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеушінің жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу жөніндегі мемлекеттік сатып алуға қатысуын қоспағанда, өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын объектінің құрылысына арналған техникалық-экономикалық негіздемені және (немесе) жобалау

(жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеуге бас жобалаушы не қосалқы жобалаушы ретінде қатысса;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 3) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

3) мемлекеттік сатып алуға қатысуға үміткер әлеуетті өнім беруші басшысының мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген заңды тұлғаларды басқаруға, құруға, олардың жарғылық капиталына қатысуға байланысты қатынастары бар болса;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 3-1) тармақшамен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді)

3-1) мемлекеттік сатып алуға қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің басшысы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген жеке тұлға болса;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 3-2) тармақшамен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді)

3-2) мемлекеттік сатып алуға қатысуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылатын әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім берушінің басшысы болса;

4) әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрса;

5) баланстық құны тиісті негізгі құрал-жабдықтар құнының он процентінен асатын әлеуетті өнім берушінің және (немесе) ол тартқан қосалқы мердігердің (бірлескен орындаушының) мүлкіне тыйым салынса;

2010.02.04. № 262-IV ҚР Заңымен 5-1) тармақшамен толықтырылды (жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді)

5-1) әлеуетті өнім берушінің және (немесе) ол тартқан қосалқы мердігердің (бірлескен орындаушының) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері болса және атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган оларды тиісті борышкерлер тізіліміне енгізсе;

б) әлеуетті өнім берушінің және (немесе) ол тартқан қосалқы мердігердің (бірлескен орындаушының) қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына не Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті өнім беруші мемлекеттің заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрса, өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуға құқылы емес.

2. Әлеуетті өнім беруші мен әлеуетті өнім берушінің аффилиирленген тұлғасының бір конкурсқа (лотқа) қатысуға құқығы жоқ.

3. Мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мүддесіне орай жүзеге асырылатын болса, оның осындай сатып алуға әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға құқығы жоқ.

4. Осы баптың талаптарының бұзылуына жол берген әлеуетті өнім беруші не өнім беруші осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілуге тиіс.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 7-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

7-бап. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыны айқындау тәртібі

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Тапсырыс беруші мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы бір тұлға болатын жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімін орындау үшін тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыны, сондай-ақ тапсырыс берушінің алда болатын мемлекеттік сатып алуда мүддесін білдіретін оның лауазымды адамын айқындайды.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Тапсырыс берушінің өзі тікелей не мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімін орындауға жауапты өз құрылымдық бөлімшесінің атынан мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы бола алады.

Тапсырыс беруші өзінің ведомстволық бағынысындағы мемлекеттік мекемені не оның аффилиирленген тұлғасын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы етіп айқындауға құқылы.

3. Осы баптың 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы мынадай талаптарға:

1) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімін орындауға жауапты құрылымдық бөлімшесі болуға;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы қызметінің бейіні тапсырыс беруші үшін сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің ерекшелігіне сай болуға тиіс.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 4-тармақ өзгертілді

4. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі өзі мемлекеттік басқару органы болып табылатын өзінің ведомстволық бағынысындағы мемлекеттік мекеме, заңды тұлға не бюджеттік бағдарламаның әкімшісі мемлекеттік басқару органы болып табылатын заңды тұлғамен аффилиирленген тұлға үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы ретінде әрекет етуге құқылы.

Мемлекеттік кәсіпорын онымен аффилиирленген тұлғалар үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы ретінде әрекет етуге құқылы.

Дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлға өзімен аффилиирленген тұлғалар үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы болуға құқылы.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзіне қатысты құрылтайшы (уәкілетті орган) не акционер болып табылатын заңды тұлға үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы ретінде әрекет етуге құқылы.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 5-тармақ өзгертілді (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

5. Бірыңғай мемлекеттік сатып алуды өткізу мақсатында:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бірнеше тапсырыс беруші үшін олардың ішінен мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысын айқындауға құқылы;

2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі бірнеше тапсырыс беруші үшін олардың ішінен мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысын айқындауға құқылы;

3) тапсырыс беруші тапсырыс берушіге ведомстволық бағынысты бірнеше мемлекеттік мекемелер немесе онымен аффилиирленген тұлғалар үшін мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы ретінде әрекет етуге құқылы;

4) тапсырыс беруші тапсырыс берушіге ведомстволық бағынысты бірнеше мемлекеттік мекемелер немесе онымен аффилиирленген тұлғалар үшін олардың ішінен мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысын айқындауға құқылы;

5) өздеріне қатысты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрылтайшы (уәкілетті орган) не акционер болып табылатын заңды тұлғалар үшін ол мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы ретінде әрекет етуге құқылы.

Осы тармақтың ережелері аукцион тәсілімен жүзеге асырылатын электрондық мемлекеттік сатып алуға қолданылмайды.

6. Осы баптың 5-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыны (бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыны) айқындауға осы баптың 3-тармағында белгіленген талаптар сақталған жағдайда жол беріледі.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 7-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

7. Тапсырыс беруші мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы бір тұлға болған жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы тапсырыс берушімен, әлеуетті өнім берушілермен, тиісті комиссиялармен және сарапшымен өзара қарым-қатынастарында өзінің атынан өкілдік ететін лауазымды адамды айқындауға міндетті. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының өкілі мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауға жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкерлері қатарынан айқындалуға тиіс.

8-бап. Әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары

1. Әлеуетті өнім берушіге жалпы және арнайы біліктілік талаптары қойылады.

2008.05.07. № 60-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2012.17.02. № 564-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 2-тармақ өзгертілді

2. Әлеуетті өнім беруші мынадай жалпы біліктілік талаптарына сай келуі:

1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін), азаматтық іс-әрекетке қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы;

2) төлем қабілеттілігінің болуы, үш айдан асатын мерзімге салық берешегінің болмауы;

3) банкроттық не таратылу рәсімдеріне жатқызылмауы тиіс.

Осы тармақтың 2) тармақшасының талаптары өздеріне қатысты оңалту рәсімі өткізіліп жатқан әлеуетті өнім берушілерге, сондай-ақ жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану міндетті болатын, мемлекеттік қолдау шараларының қатысушысы болып табылатын әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3. Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің әлеуетті өнім берушісі, осы баптың 2-тармағында белгіленген жалпы біліктілік талаптарынан басқа, мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, қаржылық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде қойылатын арнайы біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс.

4. Әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережелерінде көзделген тиісті құжаттарды табыс етеді.

5. Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын нақ сондай құжаттарды не Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы осыған ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды табыс етеді.

6. Әлеуетті өнім беруші жалпы біліктілік талаптарына сәйкестігін мынадай құжаттардың бірін:

1) әлеуетті өнім берушіге халықаралық рейтингтік ұйымның рейтингі берілгендігін растайтын құжатты;

2009.20.02. № 138-IV ҚР Заңымен 2) тарақша өзгертілді (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 2) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2) әлеуетті өнім берушінің биржаның ресми листингіне енгізілгендігі туралы қор биржасының үзінді көшірмесін беру арқылы растауға құқылы.

3) 2009.20.02. № 138-IV ҚР Заңымен алып тасталды (бұр.ред.қара)

Лицензиялануға тиісті қызметтің түрлерін жүзеге асырушы әлеуетті өнім берушінің құқықтық қабілеті оның Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті лицензияның нотариалды түрде куәландырылған көшірмесін беруі арқылы расталады.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 7-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

7. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында белгіленген біліктілік талаптары әлеуетті өнім беруші жүргізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігер не қызмет көрсетулер бойынша бірлескен орындаушы ретінде тартуды көздейтін жеке және заңды тұлғаларға да қолданылады.

Жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерін (бірлескен орындаушыларын) тартуды көздейтін әлеуетті өнім беруші жұмыстарға не көрсетілетін қызметтерге тартылатын қосалқы мердігерлердің (бірлескен орындаушылардың) осы баптың 2 және 3-тармақтарында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға ұсынуға тиіс.

Қосалқы мердігерлерге (бірлескен орындаушыларға) жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету үшін берілуі мүмкін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемі мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережелерінде белгіленеді.

8. Әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу өткізілетін соманың жүз процентке тең мөлшерде Қазақстан Республикасының бір немесе бірнеше резидент банктірінің банктік кепілдік түрінде шартты орындауын қамтамасыз етуге ұсыну арқылы төлем қабілеті туралы жалпы біліктілік талаптарына сәйкестігін мынадай жағдайларда:

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 1) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1) конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурсқа қатысуға өтініммен бірге не аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде аукционға қатысуға өтініммен бірге растауға құқылы. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді толығымен орындау үшін конкурстық не аукциондық құжаттамада белгіленген мерзімге әлеуетті өнім беруші ұсынады;

2) бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді толығымен орындау үшін жеткілікті мерзімге оның біліктілік талаптарына сәйкестігін айқындау кезеңінде растауға құқылы.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 9-тармақ жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

9. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында белгіленген біліктілік талаптары осы Заңның 4-бабының 1-тармағында, 30, 31-баптарында, 32-бабының 4) тармақшасында және 36-бабында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру жағдайларына қолданылмайды.

10. Осы Заңның 41 және 42-баптарында көзделген конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың ерекше және арнайы тәртіптерді қолдану арқылы мемлекеттік сатып алудың жүзеге асырылуын қоспағанда, осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделмеген біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

9-бап. Әлеуетті өнім берушіні біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танудың негіздері

1. Әлеуетті өнім беруші мынадай негіздердің бірі бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылуға тиіс:

1) әлеуетті өнім берушінің және (немесе) ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлескен орындаушысының) біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін құжат (құжаттар) табыс етпеуі не тиісінше ресімделмеген құжат (құжаттар) табыс етуі;

2) әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптарына өзінің сәйкестігін, сондай-ақ ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлескен орындаушысының) сәйкестігін растау үшін табыс етілген құжаттарында қамтылған ақпараттың негізінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеу фактісінің анықталуы;

3) біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат беру фактісінің анықталуы.

2. Әлеуетті өнім берушіні және (немесе) ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерін (бірлескен орындаушысын) осы баптың 1-тармағында көзделмеген негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп тануға жол берілмейді.

10-бап. Әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат беруінің салдары

1. Біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

2. Әлеуетті өнім беруші табыс ететін біліктілік талаптары бойынша ақпараттың дұрыстығын тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, уәкілетті орган не мемлекеттік қаржылық бақылау органдары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген кезеңінде анықтауы мүмкін.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2011.21.07. № 465-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 3-тармақ өзгертілді

3. Әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат беру фактісін анықтаған тұлғалар:

1) осындай факті анықталған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, хабарламаға осы фактілерді растайтын құжаттардың көшірмесін қоса беріп, тапсырыс берушіні және уәкілетті органды жазбаша түрде хабардар етуге;

2) осындай факті анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат ұсынған әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотқа талап-арыз беруге міндетті.

Осы тармақтың 2) тармақшасының талабы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларына, олар мемлекеттік сатып алудың тапсырыс берушілері (ұйымдастырушылары) ретінде болатын жағдайларды қоспағанда, қолданылмайды.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 8-бап өзгертілді (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 11-бап жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

11-бап. Мемлекеттік сатып алу саласында қалыптастырылатын тізілімдер

1. Уәкілетті орган мемлекеттік сатып алу саласында мынадай:

1) тапсырыс берушілердің;

2) мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың;

3) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың бірыңғай республикалық тізілімдерін (бұдан әрі - тізілімдер) қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асырады.

2. Тапсырыс берушілердің тізілімі өздерінің жұмыс істеуін, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды не жарғылық қызметті орындауын қамтамасыз ету үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды осы Заңға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға міндетті заңды тұлғалардың тізбесін білдіреді.

3. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың тізілімі тапсырыс берушілер тиісті қаржы жылында жасасқан, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың нысанасы, сандық және құндық көрсеткіштері туралы, тараптардың шарттық міндеттемелерін орындауының нәтижелері туралы мәліметтерді қамтитын мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың тізбесін білдіреді.

Мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қамтитын мемлекеттік сатып алу туралы шарттар мемлекеттік сатып алу

туралы шарттардың жеке тізіліміне енгізіледі, оны жүргізудің тәртібін уәкілетті орган мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша айқындайды. Мұндай мәліметтерге қол жеткізу Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы Заңның [4-бабы 1-тармағының 3\), 23\) және 32\) тармақшаларында](#) көзделген мемлекеттік сатып алудың нәтижелері бойынша жасалған шарттар туралы мәліметтер мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың тізіліміне енгізілуге жатпайды.

4. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі:

1) біліктілік талаптары бойынша дәйексіз ақпарат табыс еткен әлеуетті өнім берушілердің;

2) осы Заңның [6-бабы](#) талаптарының бұзылуына жол берген әлеуетті өнім берушілердің;

3) жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің;

4) мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген соттар шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Осы тармақта көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер соттың оларды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап жиырма төрт ай бойы мемлекеттік сатып алуға қатысуға жіберілмейді. Осы Заңның [38-бабы 2-тармағының 2\) тармақшасында](#) көзделген жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шарт мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім берушімен жасалуы мүмкін.

Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінде қамтылған мәліметтер осы тармақтың үшінші бөлігінде белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап, бір жұмыс күнінен кешіктірілмей аталған тізілімнен шығарып тасталады.

Әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы шешімге олардың сот тәртібімен шағымдануына болады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

5. Мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, тізілімдерде қамтылған мәліметтер мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылады және олар төлем алынбастан танысу үшін мүдделі тұлғаларға қолжетімді болуға тиіс.

12-бап. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілдері

1. Осы Заңның [4-бабының](#) 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алу мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 1) тармақша жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)

1) конкурс тәсілімен. Конкурс екі кезеңдік рәсімдер пайдаланыла отырып өткізілуі мүмкін;

2) баға ұсыныстарын сұрату;

3) бір көзден алу;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 4) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

- 4) аукциондарда;
- 5) тауар биржалары арқылы.

2. Тапсырыс беруші уәкілетті органмен келіспей-ақ мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін осы Заңға сәйкес таңдайды.

3. Өзінің филиалының (өкілдігінің) қызметін қамтамасыз етуге қажетті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемін негізге ала отырып, тапсырыс берушінің атынан осындай мемлекеттік сатып алуды тапсырыс берушінің филиалы (өкілдігі) тікелей жүзеге асырған жағдайда, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың тәсілін тапсырыс беруші айқындауға құқылы.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (2010 жылғы 1 қаңтарда қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 4-тармақ жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

4. Осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген тәсілмен жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында айқындалған тәртіппен электрондық мемлекеттік сатып алу арқылы жүргізілуі мүмкін.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 5-тармақпен толықтырылады (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 5-тармақ жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

5. Осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген тәсілмен жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында айқындалған тәртіппен электрондық мемлекеттік сатып алу арқылы жүргізіледі.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 6-тармақпен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді)

6. Осы Заңның 47-1-бабына сәйкес 2012 жылғы 1 шілдеден бастап күші жойылды *(бұр.ред.қара)*

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 7-тармақпен толықтырылды (2012 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді)

7. Осы баптың 1-тармағының 1) және 4) тармақшаларында көзделген тәсілдермен жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында айқындалған тәртіппен электрондық мемлекеттік сатып алу арқылы жүргізіледі.

2-тарау. Мемлекеттік сатып алу жүйесін мемлекеттік реттеу

13-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік сатып алу саласындағы құзыреті Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) 2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен алып тасталды*(бұр.ред.қара)*

3) үздіксіз қызметті қамтамасыз ету үшін тапсырыс берушілер сатып алатын күнделікті немесе апта сайынғы қажетті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекітеді;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2009.20.02. № 138-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 4) тармақша өзгертілді; 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 4) тармақша

жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

4) осы Заңның нормаларын қолдану үшін қажетті қор биржаларының тізбесін бекітеді, сондай-ақ осы Заңның 8-бабының 6-тармағында көзделген құжаттардың нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды белгілейді;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 5) тармақша өзгертілді

5) мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен аффилирленген заңды тұлғалар оларды кейіннен өңдеу мақсатында сатып алатын тауарлардың тізбесін бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекітеді;

7) стратегиялық маңызы бар өндірістер үшін шикізат ресурсы болып табылатын, Қазақстан Республикасының аумағында өндірілмейтін және шетелден сатып алынатын тауарлардың тізбесін бекітеді;

8) 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен алып тасталды *(ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

9) осы Заңда айқындалған отандық әлеуетті өнім берушілер санаттарын мемлекеттік қолдау шараларын айқындайды;

10) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесін бекітеді;

11) конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың айрықша тәртібін айқындайды;

12) конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың арнайы тәртібіне қойылатын үлгілік талаптарды белгілейді;

13) мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және оны жүргізудің тәртібін айқындайды;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 14) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 14) тармақша өзгертілді (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

14) электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидаларын айқындайды;

15) мемлекеттік сатып алу саласында мамандарды қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың тәртібін айқындайды;

16) арнайы қорғау дәрежесі талап етілетін баспа өнімдерін берушілерді айқындайды, сондай-ақ осы Заңның 4-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес олардан сатып алынатын осындай өнімнің тізбесін бекітеді;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 17) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2009.11.12 № 229-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2011.26.01. № 400-IV ҚР Заңымен (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 17) тармақша өзгертілді; 2012.10.07. № 33-V ҚР Заңымен 17) тармақша жаңа редакцияда (2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

17) сатып алу және тауар интервенцияларын, сондай-ақ азық-түлік тауарларын сақтау, қайта өңдеу, тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың (агенттердің) тізбесін бекітеді;

18) түзету мекемелері мемлекеттік кәсіпорындарының тізбесін, осы Заңның 4-бабы 1-тармағының 42) тармақшасына сәйкес олардан тапсырыс берушілер сатып алатын, олар өндіретін тауарлардың, орындайтын жұмыстардың, көрсететін қызметтердің тізбесі мен көлемін бекітеді;

2009.29.12 № 233-IV ҚР Заңымен 19) тармақша өзгертілді (2011 жылғы 1 қаңтардан қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 19) тармақша

жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

19) Қазақстан Республикасының мүгедектер қоғамдық бірлестіктері құрған, тауарлар өндіретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтер көрсететін ұйымдардың тізбесін, олар өндіретін, орындайтын, көрсететін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекітеді, сондай-ақ олардан осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібі мен олардың көлемін айқындайды;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 20) тармақшамен толықтырылды

20) электрондық мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай операторды айқындайды;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 21) тармақшамен толықтырылды

21) қорғаныс қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібін айқындайды;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 22) тармақшамен толықтырылды

22) 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен алып тасталды *(ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

2009.29.12 № 233-IV ҚР Заңымен бап 23) тармақшамен толықтырылды (2011 жылғы 1 қаңтарда қолданысқа енгізілді)

23) 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен алып тасталды *(ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

2009.29.12 № 233-IV ҚР Заңымен бап 24) тармақшамен толықтырылды

24) отандық тауар өндірушілерден сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін бекітеді;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 24-1), 24-2) және 24-3) тармақшалармен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді)

24-1) аукцион тәсілімен жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекітеді;

24-2) Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасында көзделген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекітеді;

24-3) конкурстың қорытындысы шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге тапсырыс берушілер бір көзден сатып алатын күн сайынғы немесе апта сайынғы қажетті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекітеді.

2011.05.07. № 452-IV ҚР Заңымен 25) тармақшамен толықтырылды (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізілді)

25) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

14-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган мемлекеттік сатып алу саласында мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік сатып алу саласында және халықаралық ынтымақтастық саласында стратегиялық бағдарламалық құжаттар әзірлейді;

2) мемлекеттік сатып алу саласында салааралық үйлестіру мен әдіснамалық басшылықты жүзеге асырады;

3) осы Заңда көзделген нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және қабылдайды;

4) мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдер жасауды және жүргізуді жүзеге асырады;

5) 2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен алып тасталды (2010 жылғы 1 қаңтарда қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)
2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2012.09.01. № 535-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 6) тармақша жаңа редакция

6) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамтудың көлемі туралы ақпаратты ескере отырып, есептілікті жинау, қорыту және талдау тәртібін айқындайды;

7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылау мәселелері бойынша мемлекеттік қаржылық бақылау органдарымен және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасайды;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 8) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

8) мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік ақпараттық жүйелерді әзірлеуге, енгізуге және пайдалануға қатысады;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 9) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

9) мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға электрондық қызмет көрсету тәртібін айқындайды;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 10) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

10) мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған ақпараттың сақталу тәртібін айқындайды;

2011.05.07. № 452-IV ҚР Заңымен 11) тармақша өзгертілді (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

11) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуына бақылау жасауды;

2011.05.07. № 452-IV ҚР Заңымен 12) тармақшамен толықтырылды (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізілді)

12) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

қажет болған жағдайда мемлекеттік сатып алу субъектілері ұсынған есептілік деректерінің, материалдар мен ақпараттың дұрыстығын тексереді.

Уәкілетті орган:

1) мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілерінен қажетті ақпаратты және материалдарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережелерінде айқындалған тәртіппен сұратуға және алуға;

2) мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың мамандарын сараптамалар және консультациялар жүргізуге тартуға құқылы.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 14-1-бапмен толықтырылды

14-1-бап. Электрондық мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың өкілеттігі

Электрондық мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор:

1) мемлекеттік сатып алу саласында мемлекеттік ақпараттық жүйелерді әзірлеуді, енгізуді, ақпараттық - техникалық сүйемелдеуді және пайдалануды жүзеге асырады;

2) мемлекеттік сатып алу саласында тізілімді техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;

3) мемлекеттік сатып алу веб-порталының құрылуын, жұмыс істеуін және оны техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;

4) осы Заңға сәйкес өтеусіз негізде міндетті түрде жариялануға жататын мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтерді мемлекеттік сатып алу веб-порталына орналастырады;

5) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес өтеусіз негізде ақпараттық жүйелерді қолдана отырып, мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға электрондық қызмет көрсетеді;

б) электрондық мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілеріне өтеусіз негізде консультациялық және практикалық көмек көрсетеді;

7) мемлекеттік ақпараттық жүйелер арқылы мемлекеттік сатып алу жобаларын басқаруды және оны техникалық сүйемелдеу функцияларын жүзеге асырады;

2012.09.01. № 535-IV ҚР Заңымен 8) тармақша жаңа редакция (бұр.ред.қара)

8) мемлекеттік сатып алу саласындағы есептілікті, оның ішінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамтудың көлемі туралы есептілікті техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;

9) мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар интеграциясы және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ақпараттандыру саласында ұлттық оператормен өзара іс-қимыл жасайды.

15-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуына бақылау жасау

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуына бақылау жасауды мына органдар:

1) Қазақстан Республикасының бюджет кодексінде белгіленген өкілеттіктер шегінде мемлекеттік қаржы бақылау органдары;

2) уәкілетті орган бақылау объектілерін жоспарлы және жоспардан тыс тексерулерді орындау арқылы жүзеге асырады.

2. Мыналар:

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1) тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, конкурстық комиссия, аукциондық комиссия, сараптамалық комиссия, сарапшы;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2) әлеуетті өнім беруші, конкурсқа қатысушы, аукционға қатысушы, өнім беруші, сондай-ақ олар жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлер не қызметтер көрсету үшін бірлескен атқарушылар ретінде тартатын тұлғалар;

3) 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен алып тасталды *(ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

4) мемлекеттік сатып алуға тауар биржалары арқылы қатысатын тұлғалар бақылау объектілері болып табылады.

3. Мемлекеттік қаржы бақылау органдары жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуына бақылау жасау объектілеріне осы баптың 2-тармағында көрсетілген тұлғалар жатады, олар бір мезгілде мемлекеттік қаржы бақылау объектілері болып табылады.

4. Бақылау объектілеріне қатысты жоспарлы тексерулер күнтізбелік жыл ішінде бір реттен артық жүзеге асырылмайды.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 5-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

5. Уәкілетті орган жоспардан тыс тексерулерді мынадай жағдайлардың бірі туындаған кезде:

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

1) әлеуетті өнім беруші, конкурсқа қатысушы, өнім беруші не олардың уәкілетті өкілі тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының не конкурстық комиссияның, сараптамалық комиссияның, сарапшының іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымдана отырып, жазбаша өтініш бергенде жүзеге асырады. Мұндай шағымды қарау осы Заңның 45-бабында көзделген талаптар сақталған кезде жүзеге асырады;

2) бақылау объектілерінің әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар іс-әрекет (әрекетсіздік) жасағаны туралы ақпарат келіп түскенде;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 3) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3) құқық қорғау органдарының қаулылары келіп түскен кезде;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 4) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

4) мемлекеттік сатып алуды жинау, қорыту және талдау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 5) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

5) 2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен алып тасталды (бұр.ред.қара)

6. Уәкілетті орган бақылау іс-шараларын жүргізу нәтижесінде бақылау объектісінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзғанын анықтаған жағдайда мынадай шаралар қолданады:

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

1) бақылау объектісіне орындауға міндетті ұсыну жібереді;

2) 2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен алып тасталды (бұр.ред.қара)

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұза отырып жасалған, күшіне енген мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жарамсыз деп тану туралы талап-арызбен сотқа жүгінеді.

7. Мемлекеттік қаржы бақылау органдары бақылау іс-шараларын жүргізу нәтижесінде тиісті бақылау объектілерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзғанын анықтаған жағдайда мынадай шаралар қолданады:

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

1) бақылау объектілеріне орындауға міндетті қаулылар, ұсынулар жібереді;

2) 2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен алып тасталды (бұр.ред.қара)

8. Бақылау іс-шараларын жүргізу нәтижесінде бақылау объектісінің қылмыс құрамы белгілері бар іс-әрекетті (әрекетсіздікті) жасасу фактісі анықталған жағдайда, мемлекеттік қаржы бақылау органдары осындай факті анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде аталған іс-әрекеттің (әрекетсіздіктің) жасалғаны туралы ақпаратты және осындай фактіні растайтын құжаттарды құқық қорғау органдарына беруге міндетті.

9. Мемлекеттік қаржы органдарының іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға болады

3-тарау. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу

16-бап. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

1. 2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен алып тасталды (бұр.ред.қара)

2. 2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен алып тасталды (бұр.ред.қара)

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

3. Біртекті болып табылмайтын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы мұндай тауарларды конкурстық құжаттамада лоттарға міндетті түрде бөле отырып, аталған тәсілмен бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге құқылы.

Біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған кезде, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді беру (орындау, көрсету) орны бойынша лоттарға бөлуге міндетті.

Біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірнеше түрлерін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған кезде, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді олардың біртекті түрлері және (немесе) беру (орындау, көрсету) орны бойынша лоттарға бөлуге міндетті.

Осы тармақта көзделген жағдайларда, конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау, конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру, сондай-ақ конкурс жеңімпазын айқындау конкурстық құжаттамада көзделген әрбір лот бойынша жүзеге асырылады.

4. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау қорытындылары бойынша айқындалған біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін және конкурстық комиссия конкурсқа қатысушы деп таныған әлеуетті өнім берушілер қатысады.

Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу:

1) конкурстық комиссия екіден кем әлеуетті өнім берушіні конкурсқа қатысушы деп таныған;

2) осы Заңның [26-бабының 4-тармағында](#) көзделген жағдайларда конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстары қабылданбағаннан кейін конкурсқа қатысушылардың екіден кем конкурстық баға ұсыныстары бағалануға және салыстыруға жатқызылған;

3) конкурс жеңімпазы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған жағдайлардың бірі болғанда өтпей қалды деп танылады.

17-бап. Конкурстық құжаттама

2011.22.12. № 515-IV ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1. Конкурстық құжаттаманы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы [заңнамасының](#) талаптарын ескере отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған үлгілік конкурстық құжаттаманың негізінде немесе электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында айқындалған конкурстық құжаттаманың электрондық нысаны негізінде қазақ және орыс тілдерінде әзірлейді.

2. Конкурстық құжаттамада осы Заңның [8-бабында](#) белгіленген жалпы және арнайы біліктілік талаптарынан басқа мынадай мәліметтер:

1) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының атауы мен орналасқан жері;

2) белгіленген тәртіпте бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманы, техникалық өзіндік ерекшеліктерін қоса алғанда, ал қажет болғанда нормативтік-техникалық құжаттаманы көрсете отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сипаттамасы мен талап етілетін техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары;

3) өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауардың саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі;

4) тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету орны;

5) тауарды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің талап етілетін мерзімдері, ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сапасына кепілдік беру;

6) төлем жасау шарттары және елеулі шарттары көрсетіле отырып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасы;

2009.29.12 № 233-IV ҚР Заңымен 7) тармақша өзгертілді (бұр. ред. қара)

7) бағадан басқа критерийлер, солардың негізінде конкурс жеңімпазы, оның ішінде әрбір осындай критерийлердің салыстырмалы мәні және шартты бағаны есептеудің әдістемесі айқындалады;

8) конкурстық баға ұсынысының мазмұнына қойылатын талаптар, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағаларынан басқа, оларды тасымалдау мен сақтандыру шығыстарын, кеден баждарын, салықтар мен

алымдарды, сондай-ақ тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету шарттарында көзделген өзге де шығыстарды төлеуді көрсету;

9) конкурсқа қатысушының конкурстық баға ұсынысы көрінетін валюта немесе валюталар және оларды салыстыру мен бағалау мақсатында шартты бағаны бірыңғай валютаға сәйкес келтіру үшін қолданылатын бағам;

10) конкурсқа қатысуға өтінімдер, мемлекеттік сатып алу туралы шарт Қазақстан Республикасының тіл туралы [заңнамасына](#) сәйкес жасалатын және табыс етілетін тілге қойылатын талаптар;

11) конкурсқа қатысуға өтінімді енгізудің талаптары, өтінімді қамтамасыз етудің мазмұны мен түрлері;

12) әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өз өтінімін оны берудің соңғы мерзімі өткенге дейін өзгерту немесе кері қайтарып алу құқығына тиісті сілтеме жасау;

13) конкурсқа қатысуға өтінім салынған конвертті табыс етудің тәртібі, тәсілі, орны мен соңғы мерзімі және конкурсқа қатысуға өтінімнің қолданыста болуының талап етілетін мерзімі;

14) әлеуетті өнім берушілер олардың көмегімен конкурстық құжаттаманың мазмұны бойынша түсініктемелер сұрата алатын тәсілдер, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру бойынша әлеуетті өнім берушілермен кездесулер өткізу орны, күні және уақыты;

15) конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу орны, күні және уақыты;

16) конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу, конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау, конкурстық баға ұсыныстарын бағалау мен салыстыру рәсімдерінің сипаттамасы;

17) алда болатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуда тапсырыс берушінің және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының атынан уәкілеттік ететін олардың өкілдері туралы мәліметтер;

18) мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің талаптары, түрлері, көлемі және оны енгізудің тәсілі;

19) конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген сомалар туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

Конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілерге өткізілетін мемлекеттік сатып алудың шарттары туралы неғұрлым толық ақпарат алуға мүмкіндік беретін басқа да қосымша мәліметтер қамтылуы мүмкін.

3. Конкурстық құжаттамада тауар таңбаларына, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттерге, пайдалы модельдерге, өндірістік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларға сілтемелердің болуына:

1) негізгі (белгіленген) жабдықтарды қосымша жинақтау, жаңғырту және қосымша жарақтау үшін;

2) тауарды лизингке беру жөнінде қызметтер көрсетушіні айқындау және лизинг нысанасын толық сипаттау қажеттігінің туындауы үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру жағдайларын қоспағанда, жол берілмейді.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

4. Неғұрлым сапалы тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті ұсынатын конкурсқа қатысушыны айқындау және отандық кәсіпкерлерді қолдау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсынысына әсер ететін мынадай критерийлерді:

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2011.03.12. № 505-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен (ресми жарияланғанынан кейін

күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 1) тармақша өзгертілді

1) әлеуетті өнім берушіде:

өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің;

Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы [заңнамасына](#) сәйкес отандық тауар өндірушілер үшін ұсынылатын тауарларды ерікті түрде сертификаттауды растайтын құжаттың;

мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес сапаның сертификатталған менеджмент жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің);

мемлекеттік стандарттар талаптарына сәйкес қоршаған ортаны басқару менеджментінің сертификатталған жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің) және (немесе) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы [заңнамасына](#) сәйкес экологиялық таза өнім стандартына сәйкестікті растаудың болуын;

2008.20.11. № 87-IV ҚР [Заңымен](#) 2) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР [Заңымен](#) 2) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2) тауарлардың функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамаларын және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, оларға техникалық қызмет көрсетуге және оларды жөндеуге арналған шығыстарды;

2008.20.11. № 87-IV ҚР [Заңымен](#) 3) тармақшамен толықтырылды; 2012.09.01. № 535-IV ҚР [Заңымен](#) 3) тармақша жаңа редакция (бұр.ред.қара)

3) жергілікті қамтуды көздеуге міндетті.

2012.13.01. № 543-IV ҚР [Заңымен](#) 5-тармақ өзгертілді (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

5. Конкурстық құжаттамада осы Заңда белгіленген жағдайларда жариялануға тиісті ақпаратты орналастыру жоспарланып отырған интернет-ресурстың электрондық мекенжайы (бұдан әрі - тапсырыс берушінің интернет-ресурсы) көрсетілуге тиіс. Тапсырыс берушінің интернет-ресурсы тұрақты жұмыс істеуге және Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын тұлғаға тиесілі болуға тиіс.

Осы тармақтың талаптары конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру жағдайларына қолданылмайды.

2008.20.11. № 87-IV ҚР [Заңымен](#) 5-1-тармақпен толықтырылды

5-1. Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен конкурстық құжаттама сараптама жасауға жатады.

2008.20.11. № 87-IV ҚР [Заңымен](#) 6-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР [Заңымен](#) 6-тармақ өзгертілді (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

6. Конкурстық құжаттаманы тапсырыс берушінің бірінші басшысы не жауапты хатшысы немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын жауапты хатшы өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды тұлға не оның міндетін атқаратын тұлға бекітеді.

Мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы әзірлеген конкурстық құжаттаманы тапсырыс берушілердің бірінші басшылары не жауапты хатшылар немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын жауапты хатшының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды тұлғалар не оның міндетін атқаратын тұлғалар бекітеді.

7. Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу осы Заңның [20-бабының 2-тармағына](#) сәйкес жүзеге асырылады.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 18-бап жаңа редакцияда

18-бап. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдер табыс етуінің соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын:

1) конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін, сондай-ақ бекітілген конкурстық құжаттаманы тапсырыс берушінің интернет-ресурсында жариялауға;

2) конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін мемлекеттік сатып алу веб-порталында жариялауға;

3) тапсырыс берушінің интернет-ресурсында хронологиялық тәртіппен конкурстық құжаттаманы алған тұлғаның орналасқан жері, почталық және электрондық мекен-жайлары туралы мәліметтерді, сондай-ақ ол туралы басқа да мәліметтерді көрсете отырып, бекітілген конкурстық құжаттаманы табыс ету фактісін тіркеуді қамтамасыз етуге міндетті.

Конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдер табыс етуінің соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін мемлекеттік сатып алу веб-порталында жариялауға міндетті.

Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды қайтадан жүзеге асырған жағдайда мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ конкурсқа қатысуға өтінімдер табыс етудің соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік он бес күн бұрын осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген талаптарды орындауға міндетті.

Конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды қайтадан жүзеге асырған жағдайда мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ конкурсқа қатысуға өтінімдер табыс етудің соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік он күн бұрын, мемлекеттік сатып алу веб-порталында конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды қайтадан жүзеге асыру туралы хабарландыру мәтінін жариялауға міндетті.

19-бап. Конкурстық құжаттаманы табыс ету

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы қағаз жеткізгіште (бұдан әрі - конкурстық құжаттаманың көшірмесі) не бекітілген конкурстық құжаттаманы осы Заңның 18-бабының 3) тармақшасында белгіленген талаптарды ескере отырып, тапсырыс берушінің интернет-ресурсында жариялау арқылы мүдделі тұлғаларға ұсынады.

Конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алу өткізілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы бекітілген конкурстық құжаттаманы мемлекеттік сатып алу веб-порталында жариялау арқылы конкурстық құжаттаманы мүдделі тұлғаларға ұсынады.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың көшірмесін мүдделі тұлғаларға олар мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға конкурстық құжаттаманың көшірмесін табыс ету туралы өтініш жасаған күні табыс етуге міндетті.

Егер конкурстық құжаттаманың көшірмесі ақылы негізде табыс етілген болса және бұл туралы сілтеме тиісті хабарламада қамтылса, мемлекеттік сатып алуды

ұйымдастырушы оны мүдделі тұлғаларға мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға аталған ақыны енгізгенін растайтын құжатты ұсыну шартымен өздері өтініш жасаған күні табыс етеді.

Конкурстық құжаттаманың көшірмесін табыс еткені үшін ақы мөлшері мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының конкурстық құжаттама көшірмесінің данасын әзірлеумен тікелей байланысты шығыстарынан аспауға тиіс.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың көшірмесін табыс еткен тұлғалар туралы мәліметтерді, сол сияқты тапсырыс берушінің интернет-ресурсынан не мемлекеттік сатып алу веб-порталынан бекітілген конкурстық құжаттаманы алған тұлғалар туралы мәліметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы алған тұлғаларды тіркеу журналына енгізуге тиіс.

Конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысуға тілек білдірген, мемлекеттік сатып алу веб-порталынан конкурстық құжаттаманың көшірмесін алған тұлғалар туралы мәліметтер мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты түрде тіркеледі.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

3. Конкурстық құжаттаманы конкурс өткізу туралы хабарландырудың мәтінін жарияланғанға дейін табыс етуге жол берілмейді.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 20-бап өзгертілді (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 20-бап жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

20-бап. Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру

1. Тіркеу журналына өздері туралы мәліметтер енгізілген немесе мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты түрде тіркелген тұлғалар осы Заңның [19-бабының 2-тармағына](#) сәйкес, бірақ конкурсқа қатысуға өтінімдер берудің соңғы мерзімі өткенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей, ал конкурс тәсілімен өткізілетін электрондық мемлекеттік сатып алу бойынша кемінде күнтізбелік он күн бұрын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сауалмен жүгінуге құқылы. Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сауал конкурстық құжаттамада көрсетілген тәсілдермен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға жіберілуге тиіс.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы сауалды алған күннен бастап- үш жұмыс күні ішінде, ал конкурс тәсілімен өткізілетін электрондық мемлекеттік сатып алу бойынша екі жұмыс күні ішінде оған жауап қайтаруға және сауалдың кімнен келіп түскенін көрсетпестен:

1) осы Заңның [19-бабының 2-тармағында](#) көзделген тіркеу журналына өздері туралы мәліметтер енгізілген тұлғаларға конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіруді жіберуге;

2) конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру мәтінін тапсырыс берушінің интернет-ресурсында жариялауға;

3) конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізген жағдайда конкурстық құжаттаманы алған әлеуетті өнім берушілерді автоматты түрде хабардар ете отырып, мемлекеттік сатып алу веб-порталында конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру мәтінін жариялауға міндетті.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімдер табыс етудің соңғы күні өткенге дейін - күнтізбелік бес күн мерзімінен кешіктірмей, ал электрондық мемлекеттік сатып алу бойынша күнтізбелік үш күн мерзімінен кешіктірмей өз бастамасы бойынша немесе осы Заңның [19-бабының 2-тармағына](#) сәйкес өздері туралы

мәліметтер тіркеу журналына енгізілген не мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты түрде тіркелген тұлғалардың сауалына жауап ретінде конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы. Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу осы Заңның [17-бабының 6-тармағында](#) белгіленген тәртіппен бекітіледі.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей:

1) енгізілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың мәтінін осы Заңның [19-бабының 2-тармағында](#) көзделген тіркеу журналына өздері туралы мәліметтер енгізілген тұлғаларға өтемсіз негізде жіберуге;

2) енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды көрсете отырып, нақтыланған конкурстық құжаттаманы тапсырыс берушінің интернет-ресурсында жариялауға;

3) конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізген жағдайда, енгізілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың мәтінін осы Заңның [19-бабының 2-тармағына](#) сәйкес мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты түрде тіркелген тұлғаларға мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жіберуге міндетті.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер берудің соңғы мерзімі кемінде күнтізбелік он күн мерзіміне ұзартылуға тиіс.

3. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру үшін осы Заңның [19-бабының 2-тармағында](#) көзделген тіркеу журналына өздері туралы мәліметтер енгізілген тұлғалардың уәкілетті өкілдерімен конкурстық құжаттамада көрсетілген белгілі бір жерде және тиісті уақытта кездесу өткізуге құқылы. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы мүдделі тұлғалармен аталған кездесу өткізілген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей, олардың дереккөздерін көрсетпей, ұсынылған конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сауалдар, сондай-ақ осы сауалдарға жауаптар қамтылуға тиісті хаттаманы ресімдейді және оған қол қояды.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы хаттама ресімделген және оған қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей:

1) конкурстық комиссияға, сондай-ақ осы Заңның [19-бабының 2-тармағында](#) көзделген тіркеу журналына өздері туралы мәліметтер енгізілген тұлғаларға аталған хаттаманың көшірмесін жіберуге;

2) көрсетілген хаттаманың мәтінін тапсырыс берушінің интернет-ресурсында жариялауға міндетті.

Осы тармақтың талаптары конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру жағдайларына қолданылмайды.

21-бап. Конкурсқа қатысуға өтінім

1. Конкурсқа қатысуға өтінім әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада белгіленген талаптарға және шарттарға сәйкес тауарларды беруді, жұмыстарды орындауды, қызмет көрсетуді жүзеге асыруға келісім беру нысаны болып табылады.

2. Конкурсқа қатысуға өтінім әлеуетті өнім берушінің:

1) осы Заңның [6-бабында](#) көзделген шектеулерді бұзушылықтың болмағандығы туралы;

2) өзінің және тапсырыс берушінің не мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының арасында осы Заңда тыйым салынған қарым-қатынастардың болмағандығы туралы;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен осы Заңның [37-бабының 10-тармағында](#) көзделген фактілер анықталған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шартты бұзуға келісімі туралы растауды қамтуға тиіс.

Конкурсқа қатысуға өтінімде қамтылуға тиісті мәліметтер, сондай-ақ құжаттар мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында немесе электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында айқындалады.

3. Конкурсқа қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген талап етілетін мерзімге сәйкес келуге тиіс.

22-бап. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді табыс ету

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімді табыс етудің конкурстық құжаттамада көрсетілген соңғы мерзімі өткенге дейін оны мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға - мөр басылған конвертте, ал конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған жағдайда, мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық құжат нысанында табыс етеді.

Конкурсқа қатысуға өтінім салынған конвертті не конкурсқа қатысуға өтінімнің құрамдас бөлігі болып табылатын құжаттарды және (немесе) материалдарды оларды табыс етудің конкурстық құжаттамада көрсетілген соңғы мерзімі өткеннен кейін табыс етуге жол берілмейді.

Белгіленген мерзім өткеннен кейін табыс етілген конкурсқа қатысуға өтінім салынған конверт ашылмайды және әлеуетті өнім берушіге қайтарылады.

Конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған кезде әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімі:

1) әлеуетті өнім беруші бұрын осы конкурсқа қатысуға өтінім берген;

2) конкурсқа қатысуға өтінім мемлекеттік сатып алу веб-порталына осы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін келіп түскен;

3) осы Заңның [6-бабы 1-тармағының 3\), 3-1\), 3-2\) және 4\) тармақшаларында](#) көзделген жағдайларда, оны мемлекеттік сатып алу веб-порталының автоматты түрде қабылдамауына жатады.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінім салынған конверттерді белгіленген мерзім өткенге дейін табыс еткен әлеуетті өнім берушілер туралы мәліметтерді конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына хронологиялық тәртіппен енгізеді.

Конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысуға әлеуетті өнім берушілер берген өтінімдер мемлекеттік сатып алу веб-порталында электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында көзделген конкурсқа қатысуға өтінімдерді электрондық тіркеу журналында автоматты түрде тіркеледі.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

3. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімдерді табыс ету мерзімі аяқталған кезден кешіктірмей:

1) конкурсқа қатысуға енгізілген өтінімді өзгертуге және (немесе) толықтыруға;

2) конкурсқа қатысуға өзі енгізген өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпастан, өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін кері қайтарып алуға құқылы.

Конкурсқа қатысуға өтінім салынған конвертті табыс етудің не конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімді табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін конкурсқа қатысуға өтінімге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге, сол сияқты оны кері қайтарып алуға жол берілмейді.

4. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімдердің конкурстық құжаттамада белгіленген қолданылу мерзімі өткенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей әлеуетті өнім берушілерден олардың қолданылу мерзімін нақты уақыт кезеңіне ұзартуды сұратуға құқылы. Әлеуетті өнім беруші:

1) өзінің конкурсқа қатысуға өтінімінің қолданылу мерзімі ішінде конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысу;

2) мұндай өтінімнің қолданылу мерзімі өткеннен кейін өзі енгізген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпастан, мұндай сауалды қабылдамауға құқылы.

5. Әлеуетті өнім беруші конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуға өзінің қатысуына байланысты барлық шығыстарды көтереді. Тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, конкурстық комиссияның, сараптамалық комиссияның, сарапшының, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындыларына қарамастан, мұндай шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелерді мойнына алмайды.

23-бап. Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету

1. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді, өзінің:

1) конкурсқа қатысуға өтінімін мұндай өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін кері қайтарып алмайтындығының не өзгертпейтіндігінің және (немесе) толықтырмайтындығының;

2) оны конкурстың қатысушысы деп таныған жағдайда, өзінің конкурстық баға ұсынысын белгіленген мерзімде табыс ететіндігінің, ал кейіннен оны кері қайтарып алмайтындығының;

3) оны конкурстың жеңімпазы деп таныған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасатындығының және конкурстық құжаттамада көзделген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізетіндігінің кепілі ретінде енгізеді.

2. Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ережелерінде айқындалған тәртіппен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген соманың бір проценті мөлшерінде енгізіледі.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3. Әлеуетті өнім беруші, егер ол:

1) екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың бірінші кезеңіне;

2) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша конкурсқа қатысатын болса, конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізбейді.

4. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

1) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының банк шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілдікті ақшалай жарнаны;

2) банктік кепілдікті таңдауға құқылы.

Әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімінің қолданылу мерзімі өткенге дейін үшінші тұлғаларда енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға толығымен не бір бөлігінде талап ету құқықтарының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, осы баптың 6 және 7-тармақтарында аталған іс-әрекеттерді қоспағанда, әлеуетті өнім беруші енгізген кепілдікті ақшалай жарнаны пайдалануына жол берілмейді.

5. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі туындаған кезде:

1) әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін конкурсқа қатысуға өтінімді кері қайтарып алса не өзгертсе және (немесе) толықтырса;

2) конкурсқа қатысушы болып танылған әлеуетті өнім беруші өзінің конкурстық баға ұсынысын белгіленген мерзімде табыс етпесе не кері қайтарып алса;

3) конкурстың жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса;

4) конкурстың жеңімпазы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, конкурстық құжаттамада белгіленген, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындамаса не уақтылы орындамаса қайтармайды.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 6-тармақ өзгертілді

6. Осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайлардың бірі туындаған кезде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің сомасы тиісті бюджеттің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, мемлекеттік кәсіпорынның, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның немесе олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың кірісіне есептеледі.

7. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге ол енгізген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі туындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде:

1) осы әлеуетті өнім беруші өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін конкурсқа қатысуға өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін кері қайтарып алған;

2) конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қойылғанда қайтарады. Аталған жағдай конкурстың қатысушылары деп танылған әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды;

3) конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылғанда қайтарады. Аталған жағдай конкурс жеңімпазы деп айқындалған конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

4) мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енген және конкурс жеңімпазы конкурстық құжаттамада көзделген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген;

5) әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімінің қолданылу мерзімі өткенде қайтарады.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 23-1-баппен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді)

23-1-бап. Конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету

1. Әлеуетті өнім беруші конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді:

1) өзін конкурсқа қатысушы деп таныған жағдайда, өзінің конкурстық баға ұсынысын белгіленген мерзімде беретінінің, ал кейіннен оны кері қайтарып алмайтынының;

2) өзін конкурстың жеңімпазы деп анықтаған жағдайда, мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасатындығының;

3) конкурстық құжаттамада белгіленген мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасатындығының, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) оны енгізу мерзімдері туралы талаптарды уақтылы және тиісті түрде орындайтындығының кепілі ретінде енгізеді.

2. Конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында айқындалған

тәртіппен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде енгізіледі.

3. Әлеуетті өнім беруші конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің біреуін:

1) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының банктік шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілдікті ақшалай жарнаны;

2) банктік кепілдікті таңдауға құқылы.

Конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі өткенге дейін әлеуетті өнім берушінің енгізілген кепілдікті ақшалай жарнасына тұтастай не оның бір бөлігіне талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соқтыратын іс-қимылдар жасауына жол берілмейді.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, осы баптың 5 және 6-тармақтарында аталған іс-әрекеттерді қоспағанда, әлеуетті өнім беруші енгізген кепілдікті ақшалай жарнаны пайдалануына жол берілмейді.

4. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы мынадай жағдайлардың бірі туындаған кезде:

1) конкурсқа қатысушы деп танылған әлеуетті өнім беруші белгіленген мерзімде өзінің конкурстық баға ұсынысын бермеген не кері қайтарып алған;

2) конкурс жеңімпазы деп анықталған әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған;

3) конкурс жеңімпазы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасаса отырып, конкурстық құжаттамада белгіленген, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімі туралы талаптарды орындамаған не тиісті түрде, оның ішінде уақтылы орындамаған жағдайларда, конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді әлеуетті өнім берушіге қайтармайды.

5. Осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайлардың бірі туындаған кезде, конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджеттің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, мемлекеттік кәсіпорынның, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның немесе олармен үлестес заңды тұлғалардың кірісіне есептеледі.

6. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы мынадай жағдайлардың бірі туындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушіге ол енгізген конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтарады:

1) осы әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімдер табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін кері қайтарып алған жағдайда;

2) конкурсқа қатысуға рұқсат ету туралы хаттамаға қол қойылған жағдайда. Аталған жағдай конкурсқа қатысушылар деп танылған әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды;

3) конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған жағдайда. Аталған жағдай конкурс жеңімпазы деп айқындалған конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

4) мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енген және конкурс жеңімпазы конкурстық құжаттамада көзделген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген жағдайда.

24-бап. Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу
2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзімде, уақытта және орында ашады.

Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінім салынған әрбір конвертті ашқан кезде конкурсқа қатысуға өтінімде қамтылған құжаттар мен материалдар тізбесі туралы ақпаратты жариялайды.

Конкурсқа қатысуға өтінімді табыс еткен әлеуетті өнім беруші және (немесе) оның уәкілетті өкілі аудиожазба немесе бейнетүсірілім жүргізу құқығымен конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашқан кезде қатысуға құқылы.

Конкурстық комиссияның отырысына қатысушы адамның конкурстық комиссияның қызметіне араласуға құқығы жоқ.

2. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті хаттама жасайды.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасына конкурстық комиссияның төрағасы және конверттерді ашу рәсіміне қатысқан конкурстық комиссияның барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы қол қояды.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара)

3. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінім салынған конверттерді ашқан күннен кейінгі екі жұмыс күнінен кешіктірмей:

1) конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасының көшірмесін ашу рәсіміне қатысқан әлеуетті өнім берушілерге не олардың уәкілетті өкілдеріне жіберуге не табыс етуге;

2) конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасының қол қойылған мәтінін тапсырыс берушінің интернет-ресурсында жариялауға міндетті. Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасында қамтылған және тапсырыс берушінің интернет-ресурсында орналастырылған мәліметтер барлық мүдделі тұлғаларға танысу үшін төлем алынбастан қолжетімді болуға тиіс.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімі кезінде болмаған әлеуетті өнім берушілерге конверттерді ашу хаттамасының көшірмесі олардың жазбаша сауалы бойынша не олардың уәкілетті өкілдерінің жазбаша сауалы бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының осындай сауалды алған күнінен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде табыс етіледі.

4. Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу күнін, уақытын және орнын өзгертуге осы өзгерістерді конкурстық құжаттамаға енгізбей тұрып жол берілмейді.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 24-1-баппен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді)

24-1-бap. Конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімдерді ашу

1. Конкурстық комиссияның хатшысына конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімдерді ашуға рұқсатты конкурстық құжаттамада мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы көрсеткен өтінімдерді түпкілікті табыс етудің күні мен уақыты келген кезде мемлекеттік сатып алу веб-порталы автоматты түрде береді.

2. Конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысу өтінімдерін ашу хаттамасын ашылған күні конкурстық комиссияның хатшысы мемлекеттік сатып алу веб-порталында жариялайды. Бұл ретте мемлекеттік сатып алу веб-порталы конкурстық комиссия мүшелеріне, осы Заңның 22-бабының 2-тармағында көзделген тіркеу журналына өздері туралы мәліметтер енгізілген әлеуетті өнім берушілерге конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасын жариялау туралы хабарламаны автоматты түрде жібереді.

25-бap. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау, конкурсқа қатысуға рұқсат беру

1. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келетін әлеуетті өнім

берушілерді айқындау және оларды конкурсқа қатысушы деп тану мақсатында жүзеге асырады.

2. Қажет болған жағдайда мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық өзіндік ерекшелікке сәйкес келуіне қатысты сараптамалық қорытынды әзірлеуі үшін сараптама комиссиясын құруға не сарапшыны айқындауға құқылы.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыда тиісті бейіндегі мамандар болмаған жағдайда, ол мемлекеттік қызметшілерді не сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге мамандығы сәйкес келетін өзге мамандарды сарапшылар ретінде жұмысқа тартады. Мемлекеттік қызметшілер сарапшылар ретінде өтемсіз негізде тартылады, ал өзге де мамандар тараптардың уағдаласуы бойынша ақылы да, өтемсіз де негізде тартылады.

Сарапшылардың конкурстық комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беруге құқығы жоқ.

Ақылы негізде сарапшылар ретінде тартылатын тұлғаларды таңдау осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Конкурсқа қатысуға өтінімді қарау кезінде конкурстық комиссия:

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 1) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1) конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірмелерді жазбаша нысанда, ал конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алу жүргізілген жағдайда жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратуға;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 2) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2) конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында қажетті ақпаратты тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан жазбаша нысанда, ал конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алу жүргізілген жағдайда жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратуға құқылы.

Конкурсқа қатысуға өтінімді жеткіліксіз құжаттармен толықтырудан, конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстырудан, тиісті түрде ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруден көрінетін конкурсқа қатысуға өтінімді конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіруге байланысты конкурстық комиссияның сауал жіберуіне және өзге де іс-әрекеттеріне жол берілмейді.

Конкурстық комиссия, егер конкурсқа қатысуға өтінімде оның мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер бар болса, конкурсқа қатысуға өтінімді конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келетін өтінім ретінде қарайды.

4. Әлеуетті өнім беруші, егер:

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 1) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1) осы Заңда және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында немесе электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында айқындалған негіздер бойынша оның және (немесе) оның қосалқы мердігерінің не бірлескен орындаушысының біліктілік талаптарына сәйкес келмейтіндігі айқындалса;

2) осы Заңның 6-бабының талаптарын бұзса;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 3) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

3) осы Заңда және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында немесе электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында айқындалған негіздер бойынша оның конкурсқа қатысуға өтінімінің конкурстық құжаттаманың талаптары мен шарттарына сәйкес келмейтіндігі айқындалса, конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп танылмайды).

5. Егер әлеуетті өнім беруші осы баптың 4-тармағының 2) тармақшасында көзделген негіздер бойынша конкурсқа қатысуға жіберілмесе:

1) конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада осындай әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімін қайтарудың негіздемелері көрсетіледі.

2) осы Заңның 6-бабының талаптарын бұзған әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілуге тиіс.

6. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша:

1) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың өзге де талаптарына сай келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және оларды конкурсқа қатысушылар деп таниды;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

2) оларға осы Заңның 17-бабының 4-тармағында көзделген критерийлердің салыстырмалы мәнін қолданады;

3) конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы ресімдейді.

Егер конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу лоттардан тұрса, онда конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада әрбір лот бойынша конкурсқа қатысушылар көрсетіледі. Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы жалпы хаттаманы онда әрбір лот бойынша конкурсқа қатысушыларды көрсету шартымен ресімдеуге жол беріледі.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 7-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 7-тармақ жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

7. Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға конкурстық комиссияның төрағасы және отырысқа қатысқан барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуына рұқсат беру (конкурсқа қатысушылар деп тану) туралы шешім қабылданған күннен бастап - екі жұмыс күнінен кешіктірмей, ал конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алу өткізген жағдайда шешім қабылданған күні қол қояды.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қойылған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей:

1) конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманың көшірмесін табыс ету не оны осы Заңның 22-бабының 2-тармағында көзделген тіркеу журналына өздері туралы мәліметтер енгізілген әлеуетті өнім берушілердің мекенжайына жіберу;

2) қол қойылған хаттаманың мәтінін тапсырыс берушінің интернет-ресурсында орналастыру арқылы конкурстық комиссияның қабылдаған шешімі туралы мүдделі тұлғаларды хабардар етуге міндетті.

Конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде конкурстық комиссияның хатшысы рұқсат беру туралы шешім қабылданған күні осы Заңның 22-бабының 2-тармағында көзделген тіркеу журналына өздері туралы мәліметтер енгізілген барлық әлеуетті өнім берушілерге электрондық почта бойынша автоматты түрде хабарлама бере отырып, конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы мемлекеттік сатып алу веб-порталында жариялайды.

8. Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы шешіміне осы Заңның 45-бабында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

26-бап. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау мен салыстыру (конкурс)
2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау мен салыстыру жөніндегі конкурстық комиссияның отырысы конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада уақыты мен орны белгіленген күні, бірақ осы Заңның 25-бабы 7-тармағының 1), 2) тармақшаларында көзделген тәсілдермен мүдделі тұлғалар хабарландырылған күннен бастап үш жұмыс күнінен ерте өткізілмейді.

Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау мен салыстыру жөніндегі конкурстық комиссияның отырысына конкурсқа қатысушылар және (немесе) олардың уәкілетті өкілдері аудиожазба және бейнетүсірілімдерді жүргізу құқығымен қатысуға құқылы.

2. Конкурсқа қатысушылар немесе олардың уәкілетті өкілдері конкурстық комиссияға конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада көрсетілген мерзімнен кешіктірмей конкурстық баға ұсыныстары салынған конверттерді табыс етеді.

Конкурсқа қатысушының бір конкурстық баға ұсынысынан артық баға ұсынысын табыс етуіне, сол сияқты конкурстық баға ұсынысын кері қайтарып алуына не ұсынылған конкурстық баға ұсынысына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуіне жол берілмейді.

Конкурстық комиссия хронологиялық тәртіппен конкурстық баға ұсыныстарын тіркеу журналына конкурстық баға ұсыныстары салынған конверттер ұсынған конкурсқа қатысушылар туралы мәліметтерді конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген мерзім өткенге дейін енгізеді.

3. Конкурстық комиссия конкурстық баға ұсыныстары салынған конверттерді конкурсқа қатысушылардың және (немесе) олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен ашады және оларға әрбір конкурстық баға ұсынысын жариялайды.

Конкурсқа қатысушылар және (немесе) олардың уәкілетті өкілдері конкурстық баға ұсыныстары салынған конверттердің мазмұнымен танысуға құқылы.

4. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын мынадай жағдайларда, егер:

1) конкурстық баға ұсынысының бағасы демпингтік болып табылған жағдайда қабылдамай тастайды. Демпингтік бағаны есептеу тәртібі мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережелерінде айқындалады;

2) конкурстық баға ұсынысы осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан артық болған жағдайда қабылдамай тастайды.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 5-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

5. Конкурстық комиссия қабылдаудан бас тартылмаған конкурстық баға ұсыныстарына конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада көрсетілген тиісті салыстырмалы өлшемдер мәнін қолдану арқылы оларды бағалайды және конкурсқа әрбір қатысушының шартты бағасын есептейді.

Конкурстық комиссия конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларын салыстырады және ең төменгі шартты баға негізінде конкурс жеңімпазын айқындайды.

Конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде отандық тауар өндіруші, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық беруші жеңімпаз деп танылады. Отандық тауар өндірушілердің, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілер конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде конкурстық нысанасы болып табылатын сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында мол жұмыс тәжірибесі бар отандық тауар өндіруші жеңімпаз деп танылады.

Конкурстық комиссия конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру жүргізілген күні қатысушыларға конкурс жеңімпазын жариялайды және оған конкурстық комиссияның төрағасы не оның міндетін атқарушы адам қол қойған жазбаша хабарламаны береді.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 26-1-баппен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді)

26-1-бап. Конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру

1. Конкурсстық комиссия конкурстық баға ұсыныстарын бағалауды және салыстыруды конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада көрсетілген күні және уақытта жүргізеді.

2. Конкурсқа қатысуға рұқсат берілген (конкурсқа қатысушы деп танылған) әлеуетті өнім беруші рұқсат беру туралы хаттама жарияланған кезден бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік сатып алу веб-порталына конкурстық баға ұсыныстарын беруге тиіс.

3. Конкурсқа қатысушылар берген конкурстық баға ұсыныстары туралы мәліметтер конкурстық баға ұсыныстарын тіркеудің электрондық журналына автоматты түрде енгізіледі.

4. Конкурсқа қатысушының конкурстық баға ұсынысы мынадай жағдайларда мемлекеттік сатып алу веб-порталының одан автоматты түрде бас тартуына жатады:

1) конкурстық баға ұсынысының бағасы демпингтік болып табылған жағдайда. Демпингтік бағаны есептеу тәртібі электрондық мемлекеттік сатып алу қағидаларында анықталады;

2) конкурстық баға ұсынысы осы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан асып түскен жағдайда;

3) конкурсқа қатысушы бұрын осы конкурс бойынша баға ұсынысын берген жағдайда;

4) конкурстық баға ұсынысы осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімнен кеш келіп түскен жағдайда.

5. Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген күні және уақытта мемлекеттік сатып алу веб-порталы бас тартылмаған конкурстық баға ұсыныстарын оларға конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада көрсетілген тиісті салыстырмалы критерийлер мәнін қолдану арқылы автоматты түрде бағалайды және конкурсқа әрбір қатысушының шартты бағасын есептейді.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталы конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларын автоматты түрде салыстырады және ең төменгі шартты баға негізінде конкурс жеңімпазын айқындайды.

Конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде отандық тауар өндіруші, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық беруші жеңімпаз деп танылады. Отандық тауар өндірушілердің, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілердің конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде, конкурстың нысанасы болып табылатын сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында мол жұмыс тәжірибесі бар отандық тауар өндіруші, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілер жеңімпаз деп танылады.

27-бап. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттама

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1. Конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізуді қоспағанда, конкурстық комиссия конкурс жеңімпазы анықталған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы ресімдейді, оған конкурстық комиссияның төрағасы және отырысқа қатысқан барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы қол қояды.

Егер конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу лоттардан тұратын жағдайда, конкурстық комиссия конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы

жалпы хаттаманы ресімдейді және оған қол қояды, онда әрбір лот бойынша конкурс жеңімпаздары көрсетіледі.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей:

1) хаттама мәтінін тапсырыс берушінің интернет-ресурсында орналастыруға;

2) 2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен алып тасталады *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 3) тармақшамен толықтырылды (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)

3) конкурс тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы ақпаратты мемлекеттік сатып алу веб-порталына орналастыруға міндетті.

Конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алу өткізілген кезде конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама автоматты түрде жасалады және барлық конкурстық комиссия мүшелеріне және конкурстық баға ұсыныстарын тіркеу журналына өздері туралы мәліметтер енгізілген барлық әлеуетті өнім берушілерге электрондық почта арқылы хабарлама бере отырып, мемлекеттік сатып алу веб-порталында жарияланады.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

3. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына өзі туралы мәліметтер енгізілген әлеуетті өнім берушінің жазбаша сауалын алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей оған конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесін өтемсіз негізде табыс етуге міндетті.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

4. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамада қамтылған және тапсырыс берушінің интернет-ресурсында орналастырылған мәліметтер барлық мүдделі тұлғаларға танысу үшін төлем алынбастан қолжетімді болуға тиіс.

28-бап. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өтпеді деп танудың салдары

1. Егер конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылса, тапсырыс беруші:

1) конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды қайтадан өткізу туралы;

2) конкурстық құжаттаманы өзгерту және конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды қайтадан өткізу туралы;

3) бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімдердің бірін қабылдауға құқылы.

2. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу конкурсқа қатысуға тек қана бір әлеуетті өнім берушінің жіберілуіне байланысты өтпеді деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші онымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу жөнінде шешім қабылдауға құқылы. Мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттың бағасы конкурсқа қатысуға бір әлеуетті өнім берушінің жіберілуіне байланысты өтпеді деп танылған конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу үшін бөлінген сомадан аспауға тиіс.

3. Осы Заңның 26-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларда конкурсқа қатысушының конкурстық баға ұсынысы қабылданбағаннан кейін қабылданбаудан тысқары бір ғана конкурстық баға ұсынысының қалуына байланысты конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші мұндай конкурсқа қатысушымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу жөнінде шешім қабылдауға құқылы. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт мұндай

конкурсқа қатысушының өтінімінде көзделген талаптарға сүйеніп жасалады және онымен жасалған шарттың бағасы оның конкурстық баға ұсынысынан аспауға тиіс.

29-бап. Екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізудің ерекшеліктері

1. Екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу:

1) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің егжей-тегжейлі өзіндік ерекшелігін толық тұжырымдау әрі олардың техникалық және өзге де сипаттамаларын айқындау қиын және (немесе) әлеуетті өнім берушілердің ұсыныстарын сұрату не туындаған мәселелер бойынша олармен келіссөз жүргізу қажет болған;

2011.18.02. № 408-IV ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

2) зерттеулер, эксперименттер, іздестірулер жүргізу немесе әзірлемелер жасау қажет болған жағдайларда өткізілуі мүмкін.

2. Екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай дәйекті кезеңдердің жиынтығын білдіреді:

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

1) бірінші кезеңде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыны айқындауы;

мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының сараптама комиссиясын құруы не сарапшыны айқындауы;

сараптама комиссиясының не сарапшының тапсырыс берушінің қажеттілігі негізінде сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге техникалық тапсырманы қалыптастыруы;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңын қара (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)

тапсырыс берушінің интернет-ресурсын айқындау;

екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды мемлекеттік сатып алу веб-порталында және тапсырыс берушінің интернет-ресурсында жариялау;

мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың бірінші кезеңіне қатысуға мүдделі тұлғаларға техникалық тапсырма табыс етуі;

әлеуетті өнім берушілердің техникалық тапсырмаға сәйкес әзірленген техникалық ұсыныстарды табыс етуі;

сараптама комиссиясының не сарапшының әлеуетті өнім берушілердің техникалық ұсыныстарын қарауы және олармен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық, сапалық және (немесе) өзге де сипаттамаларына, оларды жеткізудің (орындаудың, көрсетудің) шарттық талаптарына қатысты мәселелерді талқылауы;

сараптама комиссиясының не сарапшының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық өзіндік ерекшеліктерін әзірлеуі;

мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының конкурстық құжаттаманы әзірлеуі және оны тапсырыс берушінің бірінші басшысының не жауапты хатшының немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын жауапты хатшының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды тұлғаның не оның міндетін атқаратын тұлғаның бекітуі;

мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының бірінші кезеңде техникалық ұсыныстарды табыс еткен әлеуетті өнім берушілерге екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың екінші кезеңіне қатысуға шақыру жіберуі;

2) екінші кезеңде конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу үшін көзделген іс-шаралар жүзеге асырылады.

4-тарау. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 30-бап жаңа редакцияда

30-бап. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың негіздері

1. Егер осындай біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, біртекті тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізіледі, бұл ретте баға шешуші шарт болып табылады.

2. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірнеше түрлерін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді олардың біртекті түрлері бойынша және (немесе) оларды беру (орындау, көрсету) орны бойынша лоттарға бөлуге міндетті.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді оларды беру (орындау, көрсету) орны бойынша лоттарға бөлуге міндетті.

Осы тармақта көзделген жағдайларда баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алудың жеңімпазын айқындау әрбір лот бойынша жүзеге асырылады.

3. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілін қолдану мақсатында біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық көлемін қаржылық жыл ішінде олардың бірінің мөлшері осы баптың 1-тармағында көзделгеннен кем болатын бөлікке бөлшектеуге жол берілмейді.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 31-бап өзгертілді (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 31-бап жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

31-бап. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу

1. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын табыс ету мерзімі аяқталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік сатып алу веб-порталында мынадай:

1) мемлекеттік сатып алу үшін бөлінген сомаларды көрсете отырып, өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлардың саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы ақпаратты;

2) сатып алынатын тауарлардың (техникалық шарттарын көрсете отырып), жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасын;

3) тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орнын;

4) тауарды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің талап етілетін мерзімдерін;

5) әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын табыс етуді бастау және аяқтау мерзімі туралы ақпаратты;

6) елеулі талаптарын, оның ішінде техникалық шарттарын көрсете отырып, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасын қазақ және орыс тілдерінде орналастыруға міндетті.

Осы тармақта көзделген, орналастырылатын ақпаратта мемлекеттік сатып алуды мынадай:

1) негізгі (орнатылған) жабдықтарды толық жасақтау, жаңғырту және толық жарактандыру үшін;

2) тауарды лизингке беру жөніндегі қызмет көрсетулерді берушіні айқындау үшін және лизингтің нысанасын егжей-тегжейлі сипаттау қажеттігі туындағанда жүзеге асыру жағдайларын қоспағанда, тауар таңбаларына, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларға арналған сілтемелердің болуына жол берілмейді.

2. Әлеуетті өнім беруші электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында көзделген мәліметтерді қамтитын бір ғана баға ұсынысын табыс етуге құқылы, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген елеулі талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіргенінің нысаны болып табылады.

3. Баға ұсыныстарын табыс ету мерзімі аяқталғаннан кейін мемлекеттік сатып алу веб-порталы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындыларын автоматты түрде ашуды және шығаруды жүргізеді.

Ең төмен баға ұсынысын берген әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады.

Егер ең төмен баға ұсынысын бірнеше әлеуетті өнім берушілер берген жағдайда, өзінің баға ұсынысы басқа әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарынан бұрын түскен әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады. Мемлекеттік сатып алу веб-порталы баға ұсыныстарын салыстыруды автоматты түрде жүргізеді.

4. Осы Заңның [39-бабында](#) көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы мен әлеуетті өнім берушінің арасында мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы не мемлекеттік сатып алу веб-порталын қолданбай, өзге тәсілдермен оның баға ұсынысына қатысты келіссөздер жүргізілуіне жол берілмейді.

5. Егер баға ұсыныстарын табыс ету мерзімі ішінде әлеуетті өнім берушілердің екіден аз баға ұсынысы табыс етілген болса, мемлекеттік сатып алу веб-порталы мұндай мемлекеттік сатып алуды өтпеді деп таниды және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайтадан мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады.

6. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы:

1) егер ол осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан асып түскен;

2) егер әлеуетті өнім беруші бұрын осы лотқа баға ұсынысын берген;

3) осы Заңның [6-бабы 1-тармағының 3\), 3-1\) 3-2\) және 4\) тармақшаларында](#) көзделген жағдайларда, мемлекеттік сатып алу веб-порталының одан автоматты түрде бас тартуына жатады.

Өзге негіздер бойынша баға ұсыныстарынан бас тартуға жол берілмейді.

7. Егер баға ұсыныстары осы баптың 6-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алудың веб-порталында автоматты түрде қабылданбағаннан кейін әлеуетті өнім берушілердің екіден аз баға ұсынысы қалған болса, онда мұндай мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылады және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды қайтадан жүзеге асырады.

8. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары оларды шығарғаннан кейін мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты түрде жарияланады.

9. Тапсырыс беруші баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысы бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасына қол қояды және оны ең төмен баға ұсынысын берген әлеуетті өнім берушіге жібереді. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасына ең төмен баға ұсынысын берген әлеуетті өнім беруші не осы баптың 3-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім беруші қол қоюға және ол мемлекеттік сатып алу туралы қол қойылған шарт жобасын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы берген күннен бастап жеті жұмыс күнінің ішінде тапсырыс берушіге табыс етілуге тиіс.

Осы Заңның [39-бабының 1-тармағында](#) көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасының елеулі талаптарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

Жеңімпаз деп айқындалған және мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім беруші осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушыларының тізіліміне енгізіледі.

10. Егер жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім беруші қол қойылған мемлекеттік сатып алу туралы шартты тапсырыс берушіге белгіленген мерзімде бермесе, тапсырыс беруші:

1) мемлекеттік сатып алу туралы шартты - осындай баға ұсынысын ұсынған әлеуетті өнім берушімен, ал мұндай әлеуетті өнім беруші болмаған кезде баға ұсынысы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім беруші ұсынған бағадан кейін ең төмен болып табылатын әлеуетті өнім берушімен жасасуға;

2) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайтадан мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға құқылы.

5-тарау. Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 32-бап өзгертілді (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 32-бап жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

32-бап. Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру негіздері

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу, егер:

1) қандай да бір өнім берушіден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алған мемлекеттік кәсіпорында, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғада және олармен үлестес заңды тұлғада қолда бар тауарлармен, жабдықтармен, технологиямен, жұмыстармен немесе көрсетілетін қызметтермен біріздендіру, стандарттау немесе үйлесімділігін қамтамасыз ету мақсатында нақ сол өнім берушіден басқа да сатып алуды жүргізу қажеттігі туындаса;

2) конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылса, жүргізілуі мүмкін. Осы ереже конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жарамсыз деп танылған жағдайларға қолданылмайды;

3) егер осындай мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды өткізу, бірақ екі айдан аспайтын мерзім ішіндегі қажеттілігін қамтамасыз етуге қажетті осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінен аспайтын көлемде, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша, жылдың бірінші айы ішінде жүзеге асырылған жағдайда, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысын шығарғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күнделікті және (немесе) апта сайынғы қажеттілікті мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға қажеттілік болса;

4) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы қабылдаған, осы Заңның [31-бабының 5](#) және (немесе) 7-тармақтарында көзделген шаралар мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға әкеп соқпаса;

5) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы қабылдаған, осы Заңның [35-6-бабының 10-тармағында](#), [35-7-бабының 9-тармағында](#) және [35-8-бабының 6-тармағында](#) көзделген шаралар мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға әкеп соқпаса, сондай-ақ, егер аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу осы Заңның [35-9-бабы 1-тармағының 1\) тармақшасында](#) көзделген негіз бойынша өтпеді деп танылса, жүргізілуі мүмкін.

33-бап. Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

1. Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге мемлекеттік сатып алуға қатысуға жазбаша шақыру жібереді, онда мынадай мәліметтер:

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 1) тармақшадағы өзгерістің мемлекеттік тілдегі мәтінге қатысы жоқ (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді)

1) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының атауы және орналасқан жері;

2) техникалық өзіндік ерекшелігін, жоспарларын, сызбалары мен нобайларын қоса алғанда, қажет болған жағдайда нормативтік-техникалық құжаттамасы көрсетіле отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сипаттамасы және талап етілетін техникалық, сапалық және пайдалану сипаты;

3) мемлекеттік сатып алуды өткізудің нысанасы болып табылатын тауардың саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі;

4) тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің орны;

5) тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің талап етілетін мерзімдері, ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сапасына кепілдеме беру;

6) төлем шарттары және елеулі талаптары көрсетілген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасы;

7) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережелерінде көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу талаптары, нысаны, көлемі және тәсілі;

8) бір көзден алу тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген сома туралы мәлімет;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 9) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

9) бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу осы Заңның [32-бабының 4\) тармақшасы](#) негізінде жүзеге асырылатын жағдайды қоспағанда, осы Заңның [8-бабында](#) көзделген жалпы және арнайы біліктілік талаптарының тізбесі, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің қойылған біліктілік талаптарына сәйкес келетінін растау үшін табыс етуге тиіс құжаттарының тізбесі;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 10) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

10) бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу осы Заңның [32-бабының 4\) тармақшасы](#) негізінде жүзеге асырылатын жағдайды қоспағанда, әлеуетті өнім берушінің қойылған біліктілік талаптарына өзінің сәйкес келетінін растайтын құжаттарды, сондай-ақ осы баптың 2-тармағында көзделген ақпаратты табыс ету орны мен мерзімі қамтылуға тиіс.

2. Бір көзден алу тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға тілек білдірген әлеуетті өнім беруші белгіленген мерзімде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мынадай ақпаратты:

1) әлеуетті өнім берушінің жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігері (бірлескен орындаушысы) ретінде тартуды көздейтін тұлғаларын көрсете отырып, әлеуетті өнім беруші ұсынған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сипаттамасын;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 2) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2) бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу осы Заңның 32-бабының 4) тармақшасы негізінде жүзеге асырылатын жағдайды қоспағанда, әлеуетті өнім берушінің және ол жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігері (бірлескен орындаушысы) ретінде тартуды көздейтін тұлғалардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарын;

3) ұсынылып отырған тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге берілетін бағалардың жазбаша негіздемесін ұсынуға тиіс.

3. Осы Заңның 32-бабының 2) тармақшасында көзделген жағдайда бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы шақырған, өтпеді деп танылған конкурсқа қатысушы аталған конкурсқа қатысушының біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды нақ сол мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға қайтадан табыс етпеуге құқылы.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 4-тармақ жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

4. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу осы Заңның 32-бабының 4) тармақшасы негізінде жүзеге асырылатын жағдайды қоспағанда, әлеуетті өнім беруші табыс еткен құжаттарды олардың біліктілік талаптарына, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында не электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

34-бап. Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама

1. Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған кезде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы тиісті хаттама жасауға міндетті, онда мынадай ақпарат:

1) бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды қолдану негіздемесі;

2) бір көзден алу тәсілімен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 3) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

3) бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу осы Заңның 32-бабының 4) тармақшасы негізінде жүзеге асырылатын жағдайды қоспағанда, әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 4) тармақшадағы өзгерістің мемлекеттік тілдегі мәтінге қатысы жоқ (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді)

4) мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалатын өнім берушінің атауы мен орналасқан жері және осындай шарттың бағасы қамтылуға тиіс.

2. Тапсырыс беруші бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей хаттама мәтінін тапсырыс берушінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті. Аталған талап мәліметтері мемлекеттік құпия болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қолданылмайды.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

6-тарау. Аукцион тәсілімен және тауар биржалары арқылы мемлекеттік сатып алу

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 35-бап өзгертілді (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 35-бап жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

35-бап. Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

1. Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу нақты уақыт режимінде мемлекеттік сатып алу веб-порталында жүзеге асырылады, оның өткізілуін электрондық мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор қамтамасыз етеді.

2. Аукцион бір лотқа өткізіледі, бұл ретте Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша, құндық мәндегі жылдық көлемі тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген төрт мың еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен асатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер аукционның нысанасы болып табылады.

3. Аукционға қатысуға өтінімдерді қарастыру қорытындысы бойынша айқындалған, аукциондық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін және аукциондық комиссия аукционға қатысушы деп таныған әлеуетті өнім берушілер аукционға қатысады.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 35-1-баппен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді)

35-1-бап. Аукциондық құжаттама

1. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы аукциондық құжаттаманы Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, электрондық мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған аукциондық құжаттаманың электрондық нысаны негізінде қазақ және орыс тілдерінде қалыптастырады.

2. Аукциондық құжаттамада осы Заңның 8-бабында белгіленген жалпы біліктілік талаптарынан басқа мынадай мәліметтер қамтылады:

1) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының атауы мен орналасқан жері;

2) белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманы, техникалық ерекшеліктерді қоса алғанда, ал қажет болғанда нормативтік-техникалық құжаттаманы көрсете отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сипаты мен талап етілетін техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары;

3) өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауардың саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі;

4) тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны;

5) тауарды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің талап етілетін мерзімдері, ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сапасына кепілдік беру;

б) төлем шарттары және елеулі талаптарын көрсете отырып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасы;

7) Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес аукционға қатысуға өтінімдер, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалатын және табыс етілетін тілге қойылатын талаптар;

8) аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізудің талаптары мен оның мөлшері;

9) әлеуетті өнім берушінің аукционға қатысуға өз өтінімін берудің соңғы мерзімі өткенге дейін оны өзгерту немесе кері қайтарып алу құқығын көрсету;

10) аукционға қатысуға өтінімді табыс ету тәртібі және аукционға қатысуға өтінімнің талап етілетін қолданыс мерзімі;

11) әлеуетті өнім берушілердің аукциондық құжаттаманың мазмұнын түсіндіру туралы сауалдарды ұсыну тәртібі;

12) аукционға қатысуға өтінімдерді табыс ету мерзімі аяқталатын күн мен уақыт;

13) аукционға қатысуға өтінімдерді ашу, қарау, аукционның бастапқы (ең жоғары) бағасын төмендету рәсімдерінің сипаты;

14) мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің талаптары, түрлері, көлемі және тәсілі;

15) аукцион тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті сатып алу үшін бөлінген сома туралы мәліметтер;

16) аукцион тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген соманы төмендету шамасы (ақшалай мәндегі аукцион адымы);

17) аукционға қатысуға өтінімдерді қарау мерзімі аяқталатын күн;

18) аукцион өткізілетін күн мен уақыт.

Аукциондық құжаттамада әлеуетті өнім берушілерге аукцион тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алудың шарттары туралы барынша толық ақпарат алуға мүмкіндік беретін басқа да қосымша мәліметтер қамтылуы мүмкін.

3. Мемлекеттік сатып алуды негізгі (орнатылған) жабдықтарды толық жасақтау, жаңғырту және толық жарақтандыру үшін жүзеге асыруды қоспағанда, аукциондық құжаттамада тауар таңбаларына, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларға арналған сілтемелердің болуына жол берілмейді.

4. Аукциондық құжаттаманы тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын бірінші басшысы не жауапты хатшысы немесе жауапты хатшының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адам не оның міндетін атқаратын адам бекітеді.

5. Әлеуетті өнім берушілерге аукциондық құжаттаманы ұсыну, сондай-ақ аукциондық құжаттаманың ережелерін түсіндіру тәртібі осы Заңда және электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында айқындалады.

6. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы аукционға қатысуға өтінімдер табыс етудің соңғы күні аяқталғанға дейін күнтізбелік бес күн мерзімнен кешіктірмей өз бастамасы бойынша немесе тұлғалардың аукциондық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сауалына жауап ретінде аукциондық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы. Бұл ретте аукцион тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алу нысанасын өзгертуге жол берілмейді. Аукциондық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу осы баптың 4-тармағында белгіленген тәртіппен бекітіледі.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы аукциондық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей:

1) енгізілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың мәтінін өздері туралы мәліметтер аукциондық құжаттама алған адамдарды тіркеу журналына енгізілген тұлғаларға өтемсіз негізде жіберуге;

2) енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды көрсете отырып, нақтыланған аукциондық құжаттаманы мемлекеттік сатып алу веб-порталында жариялауға міндетті.

Аукциондық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, аукционға қатысу өтінімдерін табыс етудің соңғы мерзімі кемінде күнтізбелік жеті күн мерзімге ұзартылуға тиіс.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 35-2-баппен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді)

35-2-бап. Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама

1. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы аукциондық құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға өтінімдер табыс етуінің соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру мәтінін мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастыруға міндетті.

2. Егер аукцион тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті сатып алу үшін бөлінген сома тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен аспаса, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру мәтінін әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға өтінімдер табыс етуінің соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік жеті күн бұрын мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастыруға міндетті.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 35-3-баппен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді)

35-3-бап. Аукционға қатысуға өтінім

1. Аукционға қатысуға өтінім әлеуетті өнім берушінің аукциондық құжаттамада белгіленген талаптарға және шарттарға сәйкес тауарларды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіргенінің нысаны болып табылады.

2. Аукционға қатысуға өтінім әлеуетті өнім берушінің:

1) осы Заңның [6-бабында](#) көзделген шектеулерді бұзушылықтың болмағандығы туралы;

2) өзі мен тапсырыс берушінің не мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының арасында осы Заңмен тыйым салынған қарым-қатынастардың болмағандығы туралы;

3) осы Заңның [37-бабының 10-тармағында](#) көрсетілген фактілер анықталған жағдайда, мемлекеттік сатып алу туралы шартты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бұзуға келісім беруі туралы растауын қамтуға тиіс.

Аукционға қатысуға өтінімде қамтылуға тиіс мәліметтер, сондай-ақ құжаттар электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында айқындалады.

3. Аукционға қатысуға өтінімнің қолданыс мерзімі аукциондық құжаттамада белгіленген, талап етілетін мерзімге сәйкес келуге тиіс.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 35-4-баппен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді)

35-4-бап. Аукционға қатысуға өтінімді табыс ету

1. Аукционға қатысуға тілек білдірген әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға табыс ететін аукционға қатысуға өтінім мемлекеттік сатып алу веб-порталында электрондық құжат түрінде қалыптастырылады және аукциондық құжаттамада тізбеленген қағаз құжаттардың электрондық көшірмелерін және (немесе) электрондық құжаттарды қамтитын екі бөліктен тұрады.

2. Аукционға қатысуға өтінімнің бірінші бөлігі:

1) тауарды мемлекеттік сатып алу кезінде, қажет болған жағдайда нормативтік-техникалық құжаттаманы көрсете отырып, сатып алынатын тауардың сипаты мен ұсынылатын техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамасын (тауар таңбасын, қызмет көрсету белгісін, фирмалық атауын, тауар шығарылған жердің атауын және өндірушінің атауын көрсете отырып, сондай-ақ егер аукциондық құжаттама сатып алынатын тауардың эскиздерін, суреттерін, сызбаларын, фотосуреттері мен өзге де бейнелерін беру туралы талапты көздеген жағдайда, онда аукционға қатысуға өтінімде осындай ақпарат қамтылуға тиіс);

2) жұмысты, көрсетілетін қызметті мемлекеттік сатып алу кезінде әлеуетті өнім берушінің аукциондық құжаттамада көзделген талаптарға сәйкес жұмысты орындауға, қызметті көрсетуге келісімін;

3) аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының банктік шотында не мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер болып табылатын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотта орналастырылатын кепілдікті ақшалай жарна түрінде енгізген жағдайда, кепілдікті ақшалай жарнаны растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесін қамтуға тиіс.

Аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді банктік кепілдік түрінде енгізген кезде оның түпнұсқасы электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында көзделген тәртіппен, аукционға қатысуға өтінімдер табыс етудің соңғы мерзіміне дейін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға беріледі.

3. Аукционға қатысуға өтінімнің екінші бөлігі әлеуетті өнім берушінің және ол тартатын қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) осы Заңның [8-бабында](#) көзделген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды қамтуға тиіс.

Аукционға қатысуға өтінімді оларды табыс етудің аукциондық құжаттамада көрсетілген соңғы мерзімі өткеннен кейін табыс етуге жол берілмейді.

4. Аукционға қатысуға өтінімдерді белгіленген мерзім өткенге дейін табыс еткен әлеуетті өнім берушілер мемлекеттік сатып алу веб-порталында хронологиялық тәртіппен тіркеледі.

5. Әлеуетті өнім беруші аукционға қатысуға өтінімдерді табыс ету мерзімі аяқталатын кезден кешіктірмей:

1) аукционға қатысуға енгізілген өтінімді өзгертуге және (немесе) толықтыруға;

2) аукционға қатысуға өтінімнің өзі енгізген қамтамасыз етілуін қайтарып алу құқығын жоғалтпастан, өзінің аукционға қатысуға өтінімін кері қайтарып алуға құқылы.

Аукционға қатысуға өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге, сол сияқты аукционға қатысуға өтінімді кері қайтарып алуға жол берілмейді.

6. Әлеуетті өнім беруші өзінің аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуына байланысты барлық шығыстарды көтереді. Тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, аукциондық комиссия, сараптамалық комиссия, сарапшы, электрондық мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындыларына қарамастан, мұндай шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелерді мойнына алмайды.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 35-5-баппен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді)

35-5-бап. Аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету

1. Әлеуетті өнім беруші аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді, өзінің:

1) аукционға қатысуға өтінімін мұндай өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін кері қайтарып алмайтынының не оны өзгертпейтінінің және (немесе) толықтырмайтынының;

2) өзін аукционның жеңімпазы деп айқындаған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасатындығының және аукциондық құжаттамада көзделген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізетінінің кепілі ретінде енгізеді.

2. Аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында белгіленген тәртіппен, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін аукционға бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде енгізіледі.

3. Әлеуетті өнім беруші аукционға қатысу өтінімін қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің біреуін:

1) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының банктік шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілдікті ақшалай жарнаны;

2) банктік кепілдікті таңдауға құқылы.

Аукционға қатысуға өтінімінің қолданылу мерзімі өткенге дейін әлеуетті өнім берушінің енгізілген кепілдікті ақшалай жарнасына тұтастай не оның бір бөлігіне талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соқтыратын іс-қимылдар жасауына жол берілмейді.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, осы баптың 5 және 6-тармақтарында аталған іс-әрекеттерді қоспағанда, әлеуетті өнім беруші енгізген кепілдікті ақшалай жарнаны пайдалануына жол берілмейді.

4. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы мынадай жағдайлардың бірі туындаған кезде:

1) аукцион жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса;

2) аукционның жеңімпазы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасаса отырып, аукциондық құжаттамада белгіленген, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындамаған не тиісті түрде, оның ішінде уақтылы орындамаған;

3) аукционды өткізу басталғаннан кейін отыз минут ішінде аукционның ешбір қатысушысы өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасы туралы ұсыныс бермеген жағдайларда, аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтармайды. Мұндай жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді аукционның барлық қатысушыларына қайтармайды.

5. Осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайлардың бірі туындаған кезде аукционға қатысу өтінімін қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджеттің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, мемлекеттік кәсіпорынның, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның немесе олармен үлестес заңды тұлғалардың кірісіне есептеледі.

6. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы мынадай жағдайлардың бірі туындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушіге ол енгізген аукционға қатысу өтінімін қамтамасыз етуді қайтарады:

1) осы әлеуетті өнім беруші өзінің аукционға қатысуға өтінімін аукционға қатысуға өтінімдер табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін кері қайтарып алған жағдайда;

2) аукционға қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қойылған жағдайда. Аталған жағдай аукционға қатысушылар деп танылған әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды;

3) аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған жағдайда. Аталған жағдай аукцион жеңімпазы деп айқындалған аукционға қатысушыға қолданылмайды;

4) мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енген және аукцион жеңімпазы аукциондық құжаттамада көзделген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген бірі туындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушіге ол енгізген аукционға қатысу өтінімін қамтамасыз етуді жағдайда.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 35-6-баппен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді)

35-6-бап. Аукционға қатысу өтінімдерінің бірінші бөліктерін ашу және қарау, аукционға қатысуға рұқсат беру

1. Аукциондық комиссияның хатшысына аукционда қатысу өтінімдерінің бірінші бөлігін ашуға рұқсатты аукциондық құжаттамада мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы көрсеткен аукционға қатысуға өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімінің күні мен уақыт келген кезде мемлекеттік сатып алу веб-порталы автоматты түрде береді.

2. Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысу өтінімдерінің бірінші бөлігі ашылатын күні мемлекеттік сатып алу веб-порталы аукциондық комиссияның мүшелеріне, әлеуетті өнім берушілерге электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында көзделген, аукционға қатысуға өтінімдерді тіркеудің электрондық журналына енгізілгені туралы автоматты түрде хабарлама таратады.

3. Аукциондық құжаттаманың талаптарына сай келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау және оларды аукционға қатысушы деп тану мақсатында аукциондық комиссия аукционға қатысу өтінімдерінің бірінші бөлігін қарауды жүзеге асырады.

4. Аукциондық комиссия аукционға қатысу өтінімдерінің бірінші бөлігін қарайды және аукционға қатысуға өтінімдер табыс етудің мерзімі аяқталатын күннен және уақыттан бастап күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуына рұқсат беру туралы шешімді қабылдайды.

5. Егер аукционға қатысуға екеуден аз өтінім берілсе, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылады.

6. Қажет болған жағдайда мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің әлеуетті өнім берушілер ұсынатын, аукциондық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке сәйкес келуіне қатысты сараптамалық қорытынды әзірлеу үшін сараптама комиссиясын құруға не сарапшыны айқындауға құқылы.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыда тиісті бейіндегі мамандар болмаған жағдайда, ол сатып алынатын тауарға, жұмысқа, көрсетілетін қызметке мамандығы сәйкес келетін мемлекеттік қызметшілерді не өзге мамандарды сарапшылар ретінде жұмысқа тартады. Мемлекеттік қызметшілер сарапшылар ретінде өтемсіз негізде тартылады, ал өзге мамандар тараптардың уағдаластығы бойынша ақылы да, өтемсіз де негізде тартылады.

Аукциондық комиссия шешім қабылдаған кезде сарапшылардың дауыс беру құқығы болмайды.

Ақылы негізде сарапшылар ретінде тартылатын адамдарды таңдау осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

7. Аукциондық комиссия аукционға қатысу өтінімдерінің бірінші бөлігін, егер онда ұсынылған өтінімдердің бірінші бөлігінің мәнін қозғамайтын грамматикалық немесе арифметикалық қателер бар болса да, оны аукциондық құжаттаманың талаптарына сай келеді деп қарайды.

8. Әлеуетті өнім беруші, егер:

1) оның аукционға қатысу өтінімінің бірінші бөлігі аукциондық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса;

2) аукционға қатысу өтінімін қамтамасыз етуді енгізбесе, аукционға қатысуға жіберілмейді (аукционға қатысушы деп танылмайды).

9. Аукционға қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға аукциондық комиссияның төрағасы және отырысқа қатысқан аукциондық комиссияның барлық мүшелері, сондай-ақ аукциондық комиссияның хатшысы аукционға қатысуға әлеуетті өнім берушілерге рұқсат беру (аукционға қатысушылар деп тану) туралы шешім қабылданған күні қол қояды.

Аукционға қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы аукциондық комиссияның хатшысы рұқсат беру туралы шешім қабылданған күні электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында көзделген, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімдерді тіркеудің электрондық журналына өздері туралы мәліметтер енгізілген барлық әлеуетті өнім берушілерге электрондық почта арқылы автоматты түрде хабарлай отырып, мемлекеттік сатып алу веб-порталында жариялайды.

10. Аукциондық комиссия екеуден аз әлеуетті өнім берушіні аукционның қатысушысы деп таныған жағдайда аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылады.

11. Аукциондық комиссияның аукционға қатысуға рұқсат беру туралы шешіміне осы Заңның 45-бабында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 35-7-баппен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді)

35-7-бап. Аукционды өткізу

1. Аукцион мемлекеттік сатып алу веб-порталында, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алудың жүзеге асырылатыны туралы хабарламада көрсетілген күні және мерзімде өткізіледі.

Аукционды өткізу күні аукционға қатысуға өтінімдерді қарау мерзімі аяқталатын күннен бастап екі жұмыс күні өткеннен кейінгі келесі жұмыс күні болып табылады.

2. Аукционға қатысушылар деп танылған әлеуетті өнім берушілер аукционға қатысады.

3. Аукцион өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті сатып алу үшін бөлінген сомадан бастап баға туралы ағымдағы ұсынысты аукцион адымына төмендету жолымен жүргізіледі.

Аукцион адымы өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті сатып алу үшін бөлінген соманың жарты (0,5) пайызынан бес пайызына дейінгіні құрайды.

4. Аукционды өткізу кезінде аукционға қатысушылар өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасы туралы ұсыныстар береді, ол баға туралы ағымдағы ең төменгі ұсынысты аукцион адымы шегіндегі шамаға төмендетуді көздейді.

5. Аукционды өткізу кезінде аукционның кез келген қатысушысы ағымдағы ең төмен ұсыныс болмаған жағдайда, аукцион адымына қарамастан, өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті сатып алу үшін бөлінген сомадан төмендетілген, өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасы туралы ұсыныс беруге құқылы.

6. Егер аукционның осы қатысушысы өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасы туралы ағымдағы ең төмен ұсынысты берген болса, аукционға қатысушының аукционның нысанасы болып табылатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасы туралы осындай ұсыныстан төмен болатын, өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасы туралы ұсыныс беруге құқығы жоқ.

7. Аукционға қатысушылардың өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасы туралы ұсыныстарын қабылдау уақыты аукционды өткізу басталғаннан бастап отыз минутты, сондай-ақ өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасы туралы соңғы ұсыныс келіп түскеннен кейінгі он минутты құрайды. Егер көрсетілген уақыт ішінде өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің неғұрлым төмен бағасы туралы бір де бір ұсыныс келіп түспесе, аукцион аяқталады.

8. Егер өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің аукционның басқа бір қатысушысы ұсынған бағасына тең бағасы ұсынылса, аукционның нысанасы болып табылатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасы туралы басқа ұсыныстарға қарағанда бұрынырақ келіп түскен ұсыныс үздік болып танылады.

9. Егер аукционды өткізу басталғаннан кейінгі отыз минут ішінде аукционға қатысушылардың бір де біреуі өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасы туралы ұсыныс бермеген болса, осы баптың 4-тармағына сәйкес, аукцион өтпеді деп танылады.

10. Аукционды өткізудің нәтижелері туралы хаттама аукционды өткізу аяқталған күні автоматты түрде қалыптастырылады және мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылады.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 35-8-баппен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді)

35-8-бап. Аукционға қатысуға өтінімдердің екінші бөліктерін қарау

1. Аукциондық комиссияға аукционға қатысушылар деп танылған әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға өтінімдерінің екінші бөлігін қарауға рұқсатты мемлекеттік сатып алу веб-порталы аукцион аяқталған және аукцион қорытындылары туралы хаттама орналастырылған күні автоматты түрде береді.

2. Аукциондық комиссия аукционға қатысуға өтінімдердің екінші бөлігін күнтізбелік жеті күннен кешіктірілмейтін мерзімде қарайды және аукционға қатысушылар деп танылған әлеуетті өнім берушілердің аукциондық құжаттамада белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы шешім қабылдайды.

3. Аукционға қатысуға өтінімдердің екінші бөлігін қарау кезінде аукциондық комиссия:

1) аукционға қатысуға өтінімдердің екінші бөлігін қарауды жеңілдету үшін аукционға қатысушылар деп танылған әлеуетті өнім берушілерден материалдар мен түсіндірмелерді жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратуға;

2) аукционға қатысуға өтінімдердің екінші бөлігінде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында қажетті ақпаратты тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратуға құқылы.

Аукционға қатысу өтінімін аукциондық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіруге орай аукционға қатысу өтінімін жеткіліксіз құжаттармен толықтыру, аукционға қатысу өтінімінде ұсынылған құжаттарды ауыстыру, тиісті түрде ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіру тұрғысынан аукциондық комиссияның сауал жіберуіне және өзге де іс-қимылдарына жол берілмейді.

Аукциондық комиссия аукционға қатысуға өтінімдердің екінші бөлігін, егер онда ұсынылған өтінімдердің екінші бөлігінің мәнін қозғамайтын грамматикалық немесе арифметикалық қателер бар болса, аукциондық құжаттаманың талаптарына сай келеді деп қарайды.

4. Әлеуетті өнім беруші осы Заңда және электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында көзделген жағдайларда біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылады.

5. Аукционға қатысуға өтінімдердің екінші бөлігін қарау нәтижелері бойынша аукциондық комиссия аукционға қатысушылар деп танылған және аукциондық құжаттамада баға туралы ең төмен ұсыныс бойынша белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілер қатарынан аукцион жеңімпазын айқындайды және аукционға қатысушылар деп танылған және аукциондық құжаттамада белгіленген біліктілік талаптары болған кезде, оларға сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілер қатарынан мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткерлерді айқындайды не осы баптың 6-тармағында көзделген жағдайда аукционды өтпеді деп таниды.

6. Егер аукционға қатысушы деп танылған және баға туралы ұсыныс берген бір де бір әлеуетті өнім беруші аукциондық құжаттамада белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келмесе, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылады.

7. Аукционның қорытындылары туралы хаттамаға аукциондық комиссияның төрағасы және қатысып отырған барлық мүшелері, сондай-ақ аукциондық комиссияның хатшысы аукционның қорытындылары туралы шешім қабылданған күні қол қояды.

Аукциондық комиссияның хатшысы аукцион қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күні оны қалыптастырады және мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырады.

8. Тапсырыс беруші аукцион қорытындылары туралы хаттама бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасына қол қояды және оны аукцион жеңімпазына жібереді.

9. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасына аукцион жеңімпазы не осы баптың 10 және 11-тармақтарында көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер өзіне тапсырыс беруші қол қойған мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасы табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қол қоюға тиіс.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасының елеулі талаптарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған аукцион жеңімпазы осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары тізіліміне енгізіледі.

10. Егер аукцион жеңімпазы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса, тапсырыс беруші өзінің баға туралы ұсынысы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған аукцион жеңімпазының баға туралы ұсынысынан кейін ең төмен болып табылатын мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткермен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға құқылы.

11. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер мемлекеттік сатып алу туралы қол қойылған шартты осы баптың 9-тармағында көзделген, белгіленген мерзімде табыс етпеген жағдайда, тапсырыс беруші өзінің баға туралы ұсынысы мемлекеттік сатып алу туралы қол қойылған шартты табыс етпеген, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткердің баға туралы ұсынысынан кейін ең төмен болып табылатын, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткермен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға құқылы.

Аукцион жеңімпазын қоспағанда, мемлекеттік сатып алу туралы қол қойылған шартты осы баптың 9-тармағында белгіленген мерзімде табыс етпеген, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткерлер, осы Заңда көзделген мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары тізіліміне енгізілмейді.

12. Аукциондық комиссияның шешіміне осы Заңның [45-бабында](#) белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 35-9-баппен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді)

35-9-бап. Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өтпеді деп танудың негіздері мен салдарлары

1. Аукцион:

1) егер аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуға екеуден аз өтінім берілген жағдайда;

2) осы Заңның [35-6-бабының 10-тармағында](#), [35-7-бабының 9-тармағында](#) және [35-8-бабының 6-тармағында](#) көзделген жағдайларда;

3) егер аукцион жеңімпазы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса және тапсырыс беруші осы Заңның [35-8-бабының 10](#) және [11-тармақтарында](#) көзделген құқықты пайдаланбаса, өтпеді деп танылады.

2. Егер аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылған болса, тапсырыс беруші:

1) аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды қайтадан өткізу туралы;

2) аукциондық құжаттаманы өзгерту және аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды қайтадан өткізу туралы;

3) осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру туралы шешімдердің бірін қабылдауға құқылы.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 36-бап жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

36-бап. Тауарларды тауар биржалары арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

1. Тауарларды тауар биржалары арқылы мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы [заңнамасына](#) сәйкес биржалық тауарлар тізбесі бойынша жүзеге асырылады.

2. Егер, биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген тауарларды мемлекеттік сатып алудың жылдық көлемі биржалық тауарлар тізбесінде көзделген партияның ең аз мөлшерінен аспаған жағдайда, тапсырыс беруші тауарларды мемлекеттік сатып алудың өзге тәсілін таңдауға құқылы.

7-тарау. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2008.04.12. № 97-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2009.29.12 № 233-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2010.28.12. № 369-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 37-бап өзгертілді; 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 37-бап жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

37-бап. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу

1. Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған үлгілік шартқа сәйкес жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына қол қояды және оны әлеуетті өнім берушіге жібереді.

Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары шығарылған жағдайда, тапсырыс беруші конкурс жеңімпазына қорытындылар туралы хаттаманың бір данасын және конкурстық құжаттамаға сәйкес жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын жібереді.

2. Қазақстан Республикасының резиденті емеспен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы шартты, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, ол ұсынған нысанда ресімдеуге жол беріледі.

3. Осы Заңның [31-бабының 9-тармағында](#) және [35-8-бабының 9-тармағында](#) көзделген мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу мерзімін қоспағанда, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу мерзімі мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын әлеуетті өнім берушіге жіберген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс.

4. Мемлекеттік сатып алу туралы шартта осы мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелердің орындалмағаны не тиісінше орындалмағаны үшін тұрақсыздық төлемі, сондай-ақ тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алу туралы шарттың толық сомасынан тұрақсыздық төлемін өндіріп алуды қамтамасыз етуі жөніндегі міндеті көзделуге тиіс.

5. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың қағидаларында көзделген жағдайларда өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге міндетті.

Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді өзімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы, толық және тиісті түрде орындайтынына кепілдік ретінде енгізеді.

Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

1) тапсырыс берушінің банктік шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын тапсырыс берушілер үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілдікті ақшалай жарнаны;

2) банктік кепілдікті таңдауға құқылы.

Шарт бойынша міндеттемелері толық орындалғанға дейін өнім берушінің енгізілген кепілдікті ақшалай жарнасына тұтастай не оның бір бөлігінде талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соқтыратын іс-қимылдар жасауына жол берілмейді.

Тапсырыс берушінің өнім беруші енгізген кепілдікті ақшалай жарнаны осы Заңда көзделмеген мақсатқа пайдалануына жол берілмейді.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талап тауар биржалары арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша айқындалған өнім берушілерге, сондай-ақ оны осы Заңның [8-бабының 8-тармағында](#) көзделген жағдайда берген өнім берушілерге қолданылмайды.

6. Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер және оралымды басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар:

1) жобалау-сметалық құжаттамада оларды келесі (кейінгі) қаржы жылында (жылдарда) аяқтау мерзімі көзделген жұмыстарды;

2) дайындаудың технологиялық мерзімінің ұзақтығы оларды келесі (кейінгі) қаржы жылында (жылдарында) беруге негіз болатын активтер мен басқа да тауарларды;

3) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жеке құрамын тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алған жағдайда бір қаржы жылынан асатын мерзімге мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасаса алады. Мемлекеттік сатып алу туралы мұндай шарттың қолданылу мерзімі үш жылдан аспауға тиіс;

4) бір қаржы жылынан асатын мерзімге көрсетілетін қызметтерді;

5) тиісті бюджетте, даму жоспарында (бизнес-жоспарда), қаржыландыру жоспарында белгіленген, орындалу (көрсетілу, берілу) мерзімі орындау ұзақтығына байланысты келесі (кейінгі) қаржы жылына (жылдарына) белгіленген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алған жағдайда бір қаржы жылынан асатын мерзімге мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуы мүмкін. Мемлекеттік сатып алу туралы мұндай шарттың қолданылу мерзімі үш жылдан аспауға тиіс.

7. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар даму жоспарында (бизнес-жоспарда) белгіленген, басқару органы немесе аталған тұлғалардың жоғары органы бекіткен келесі (кейінгі) қаржы жылында (жылдарында) аяқтау мерзімімен іс-шараларды орындау үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарт жасасуы мүмкін.

8. Жылдық қаржы есептілігінің аудиті бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт үш жылдан аспайтын мерзімге жасалуы мүмкін.

9. Осы баптың 7 және 8-тармақтарында көзделген жағдайларда, бәсекелестік негізде өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша айқындалған өнім берушілермен ғана қолданысы бір қаржы жылынан асатын мерзімге мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға жол беріледі.

10. Мемлекеттік сатып алу туралы шартта мынадай:

1) осы Заңның 6-бабында көзделген шектеулерді бұзу;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының әлеуетті өнім берушіге осы Заңда көзделмеген көмек көрсету фактілерінің бірі анықталған жағдайда, оны кез келген кезеңде бұзу туралы талап қамтылуға тиіс.

11. Отандық тауар өндірушілермен және жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілермен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шартта тауарларды бергені, жұмыстарды орындағаны не қызметтерді көрсеткені үшін алдын ала ақы төлеу және толық ақы төлеу туралы талап қамтылуға тиіс, бұл ретте толық ақы төлеу мерзімі осы шарт бойынша міндеттемелер орындалған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс.

12. Тапсырыс беруші және өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін толық орындаған жағдайда аталған шарт орындалды деп есептеледі.

13. Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған жағдайда тапсырыс беруші қаржы жылы біткеннен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей, тиісті бюджеттің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, мемлекеттік кәсіпорынның, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның немесе олармен үлестес заңды тұлғалардың кірісіне тұрақсыздық төлемін өндіріп алу бойынша шаралар қабылдауға міндетті.

38-бап. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтару

1. Егер әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы қол қойылған шартты осы Заңда белгіленген мерзімде тапсырыс берушіге бермесе немесе мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасып, осы Заңның [37-бабының 4-тармағында](#) көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, мұндай әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасудан жалтарды деп танылады.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2. Мемлекеттік сатып алудың жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарды деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші:

1) ол енгізген конкурсқа не аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады және мұндай әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға теріс пиғылды қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінеді;

2) мұндай әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға мәжбүрлеу туралы, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарудан келтірілген шығындарды өтеу туралы талап арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

39-бап. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да жағдайлардың өзгермеу талабымен өзгерістер енгізуге мынадай өзара байланысты талаптар сақталған жағдайда:

1) тараптардың бірі конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей шарттың жобасына өзгерістер енгізуге бастамашылық жасаса;

2) шарт жобасының сомасын азайту бөлігіне өзгерістер енгізуге жол берілсе;

3) шарт сомасын азайту бөлігіне өзгерістер енгізу туралы шешім тараптардың өзара келісуі бойынша қабылданса жол беріледі.

Осы тармақта көзделген талаптарды сақтамай мемлекеттік сатып алу туралы шартқа өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

2. Өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да шарттардың өзгермейтін талабы жағдайында мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартқа өзгерістер енгізуге:

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 1) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1) тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге берілетін бағаны және тиісінше шарттың сомасын азайту бөлігінде тараптардың өзара келісуі бойынша;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2) егер мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізілсе және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен қабылданған осындай өзгерістің сомасына қосымша ақша бөлу туралы шешім қабылданса, шарттың сомасын ұлғайту бөлігінде;

3) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жұмыстарды қоспағанда, осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көрсетілген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бірлігі үшін бағаның өзгермейтін талабы жағдайында сатып алынатын тауарлардың, көрсетілген қызметтердің көлеміндегі қажеттіліктің азаюына немесе артуына байланысты шарттың сомасын азайту не арттыру бөлігінде жол беріледі. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартты осындай өзгертуге осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында көзделген соманың шегінде жол беріледі;

4) егер өнім беруші тауарды мемлекеттік сатып алу туралы онымен жасалған шартты орындау процесінде тауар бірлігіне берілетін бағаның өзгермейтін талабы жағдайында, онымен жасалған тауарды мемлекеттік сатып алу туралы шарттың нысанасы болып табылатын тауарды берудің неғұрлым үздік сапалық және (немесе) техникалық сипаттамаларын немесе мерзімін және (немесе) шарттарын ұсынған жағдайда өзгерістер енгізуге жол беріледі.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 5) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

5) Қазақстан Республикасының салық, кеден және өзге де заңнамасының өзгеруінен туындаған аяқталу мерзімі келесі (кейінгі) жылдағы (жылдардағы) жұмыстарды орындау шартының сомасын азайту немесе ұлғайту бөлігінде;

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 6), 7) және 8) тармақшалармен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді)

6) аяқталу мерзімі келесі (кейінгі) жылдағы (жылдардағы) жұмыстарды орындау туралы шарттың сомасын азайту бөлігінде;

7) мемлекеттік бюджет есебінен жылдар бойынша қаржыландыру жасалынған шарт сомасының өзгермеуі немесе сметалық жұмыстардың азаюы шартымен өзгерген жағдайда және кейіннен мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға тиісті өзгерістер енгізілген жағдайда, жұмыстарды орындау туралы шарттың орындалу мерзімін өзгерту бөлігінде;

8) тапсырыс берушінің және (немесе) өнім берушінің лауазымды адамына қатысты шартты орындаумен байланысты қылмыстық іс қозғалған жағдайда, жұмыстар бойынша шарттың орындалу мерзімін өзгерту бөлігінде жол беріледі.

3. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделмеген өзге де негіздер бойынша өткізілетін (өткізілген) мемлекеттік сатып алу шарттарының мазмұнын өзгертетін өзгерістер және (немесе) өнім берушіні таңдауға негіз болған ұсыныстар енгізуге жол берілмейді.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 40-бап жаңа редакцияда өзгертілді (бұр.ред.қара)

40-бап. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың күшіне енуі

1. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт оған тапсырыс беруші мен өнім беруші қол қойғаннан кейін не конкурстық құжаттамада көзделген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді өнім беруші толық енгізгеннен кейін күшіне енеді. Егер мемлекеттік сатып алу туралы шарт тіркелуге жататын болса, онда ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелуге жататын мемлекеттік сатып алу туралы шартты тапсырыс беруші оны жасағаннан кейін не өнім беруші конкурстық құжаттамада не аукциондық құжаттамада көзделген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық енгізгеннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды тіркеу жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

8-тарау. Арнайы ережелер

41-бап. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі

1. 2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

2. Ерекше тәртіп қолданыла отырып мемлекеттік сатып алу, біліктілік талаптарын белгілейтін, сондай-ақ осы Заңда көзделген мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсімдері мен мерзімдерін регламенттейтін нормаларды қоспағанда, осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Ерекше тәртіп қолданыла отырып мемлекеттік сатып алу мынадай:

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

1) құпиялылық режимін сақтауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі кепілдігін қамтамасыз ететін мемлекеттік сатып алуды өткізудің ерекше шарттарын белгілеу талап етілетін құқықтық тәртіп пен ұлттық қауіпсіздіктің қажеттігін қамтамасыз ету үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

2) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызмет көрсетулерді;

3) 2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

4) 2011.18.02. № 408-IV ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

5) кәсіпкерлік қызметтің субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаның жеке меншік құқығына тиесілі тұрғын үйді;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 6) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

б) көрмелер, семинарлар, конференциялар, кеңестер, симпозиумдар, тренингтер өткізу үшін тауарларды, көрсетілетін қызметтерді;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 7) тармақшамен толықтырылды; 2008.29.12. № 115-IV ҚР Заңымен 7) тармақша өзгертілді (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 7) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

7) өздері туралы мәліметтер мемлекеттік құпияны құрайтын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты құрайтын мәліметтерді;

2008.29.12. № 115-IV ҚР Заңымен 8) тармақшамен толықтырылды; 2009.05.05 № 158-IV ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 8) тармақша өзгертілді

8) арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемімен көзделген арнаулы әлеуметтік қызметтерді және арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі қызметтерді сатып алған жағдайда жүзеге асырылады.

2009.05.05 № 158-IV ҚР Заңымен 9) тармақшамен толықтырылды (2011 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылды)

9) 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен алып тасталды *(ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

4. Конкурстық тәсілмен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 41-1-баппен толықтырылды; 2009.11.07. № 182-IV ҚР Заңымен 41-1-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

41-1-бап. Қорғаныс қажеттілігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі

Қару-жарақтарды, әскери техниканы, оқ-дәрілерді, арнайы құралдарды, сондай-ақ қорғаныс қажеттілігі мен әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін оларды жөндеу және жаңғырту жөніндегі жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Осы Заңның 4-бабы 1-тармағының 43) тармақшасында көзделген жағдайларда ерекше тәртіп қолданылмайды.

42-бап. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың арнайы тәртібі *2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 1-тармақ өзгертілді*

1. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың арнайы тәртібін (бұдан әрі - арнайы тәртіп) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар болып табылатын тапсырыс берушілер, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен аффилиирленген заңды тұлғалар қолданады.

2. Арнайы тәртіпті қолдана отырып мемлекеттік сатып алу, біліктілік талаптарын белгілейтін, сондай-ақ осы Заңда көзделген мемлекеттік сатып алуды өткізудің рәсімдері мен мерзімдерін регламенттейтін нормаларды қоспағанда, осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Арнайы тәртіпті осы баптың 1-тармағында аталған тапсырыс берушілерді басқару органдары:

1) тұрақты негізде әлеуетті өнім берушілерге біліктілігі бойынша алдын ала саралау жүргізу тәртібіне;

2) білікті әлеуетті өнім берушілердің тізбесін жасау тәртібіне;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

3) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес біліктілігі бойынша алдын ала саралаудан өткен әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын сұрату және олармен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу негізінде өнім берушіні таңдау рәсімдері мен мерзімдеріне;

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 4) тармақшамен толықтырылды

4) отандық тауар өндірушілерге, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілерге қолдау көрсету тәртібіне қойылатын талаптарды қамтитын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген арнайы тәртіпке қойылатын үлгілік талаптарға сәйкес бекітеді.

43-бап. Заңды тұлғалардың уақытша бірлестігінің (консорциумның) мемлекеттік сатып алуға қатысуының ерекше шарттары

Заңды тұлғалардың уақытша бірлестігінің (консорциумның) мемлекеттік сатып алуға қатысуының ерекше шарттары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережелерімен айқындалады.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 44-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2009.11.12 № 229-IV ҚР Заңымен өзгертілді ; 2009.29.12 № 233-IV ҚР Заңымен 44-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

44-бап. Отандық әлеуетті өнім берушілердің жекелеген санаттарын қолдау

1. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде отандық тауар өндірушілер, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілер, отандық кәсіпкерлер мемлекеттік қолдауға жатады. Мемлекеттік қолдаудың ең ауқымды шаралары отандық тауар өндірушілерге көрсетіледі.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген субъектілерді мемлекеттік қолдау шараларын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2009.29.12 № 233-IV ҚР Заңымен 3-тармақ 2011 ж. 1 қаңтарда қолданысқа енгізілді

3. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін мемлекеттік сатып алуды жүргізу кезінде осы Заңда көзделген тәсілдермен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеде көрсетілген, Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған, тауарлар өндіретін, жұмыстар орындайтын, қызметтер көрсететін ұйымдардан ғана мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады.

2009.29.12 № 233-IV ҚР Заңымен 4-тармақ 2011 ж. 1 қаңтарда қолданысқа енгізілді

4. Мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері құратын, тауарлар өндіретін, жұмыстар орындайтын, қызметтер көрсететін ұйымдардан сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінің тізбесін, көлемін және оларды сатып алу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Бұл ретте мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің аталған ұйымдары «Салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 248-бабы бірінші бөлігі 13) тармақшасының екінші абзацында көзделген талапқа сай болуға тиіс.

5. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеде көрсетілген азық-түлік тауарларын мемлекеттік сатып алуды жүргізу кезінде осы Заңда көзделген тәсілдермен отандық тауар өндірушілерден ғана мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады.

Егер отандық тауар өндірушілерден азық-түлік тауарларын мемлекеттік сатып алу осы Заңға сәйкес жүргізілмеді деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші осы мемлекеттік сатып алуды барлық әлеуетті өнім берушілерге рұқсат берілетін, осы Заңда көзделген тәсілдермен жүзеге асыруға құқылы.

9-тарау. Қорытынды ережелер

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 45-бап жаңа редакцияда

45-бап. Тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасау

Әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне), егер олардың іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, шағым жасауға құқылы. Тапсырыс берушінің:

1) мемлекеттік сатып алу тәсілін таңдау туралы;

2) осы Заңның 5-бабының 10-тармағына сәйкес өзі қабылдаған мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімі мемлекеттік бақылау органдарына шағымдануға жатпайды.

46-бап. Дауларды шешу

Мемлекеттік сатып алу процесінде туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

47-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

2008.20.11. № 87-IV ҚР Заңымен 47-1-баппен толықтырылды; 2009.05.05 № 158-IV ҚР Заңымен 47-1-бап өзгертілді (бұр. ред. қара); 2012.13.01. № 543-IV ҚР Заңымен 47-1-бап жаңа редакцияда (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

47-1-бап. Өтпелі ережелер

Осы Заңның 12-бабы 6-тармағының ережесі 2012 жылғы 1 шілдеге дейін қолданылады.

48-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2002 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 9, 95-құжат; 2004 ж., № 14, 83-құжат; № 17, 101-құжат; 2005 ж., № 6, 7-құжат; № 23, 105-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 12, 71-құжат; 2007 ж., № 2, 14-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

Астана, Ақорда, 2007 жылғы шілденің 21-і.
№ 303-III ҚРЗ